



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



АУҚЫМДЫ
МӘСЕЛЕЛЕР
ТАЛҚЫЛАНДЫ

2

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ



ИНТЕРНЕТТІ КЕРІ
ИТЕРМЕЙІК

7

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ
ӘУЕЗОВ АУДАНЫ
ТҮРГЫНДАРЫМЕН
КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесуі 2022 жылдың 13 қазанында, сағат 9.00-де «Жетісу-2» шағынауданы, 2 Б мекенжайдағы №117 жалпы білім беретін мектеп ғимаратында өтеді.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Әуезов әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.10.2022

Түнде:



+2+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+18 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

12.10.2022

Түнде:



+5+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №119 (6254) 11 қазан, сейсенбі, 2022 жыл.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қала 2022-2023 күзгі-қысқы кезеңдегі жылыту
маусымына толығымен дайын



Алматы жылу жүйелері мекемелерінің мәліметіне сүйенсек, шаһар 2022-2023 күзгі-қысқы кезеңдегі жылыту маусымына толығымен дайын. Қысқа дайындық барысында Алматыдағы энергетиктердің жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сай жүргізілген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңындағы брифингте айтылды.

3

«ҚОҚЫССЫЗ ТАЗА ТАБИҒАТ»

ТАУ ТАЗАРЫП, АЙНАЛА ЖАҚСАРА ТҮСТІ

Алматылықтар Іле Алатауы баурайынан
35 тонна қоқыс жинады



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Қоқыссыз таза табиғат» жалпыұлттық акциясы аясында тауларды тазарту бойынша экологиялық сенбілікке 2 мыңнан астам адам қатысты. Акцияға қоғамдық ұйымдардың өкілдері, азаматтық белсенділер мен еріктілер қосылды. Өз кезегінде алматылық студенттер «Eco Student KZ» республикалық жобасын қолдады.

6

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунованы қабылдады.
- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Засьті қабылдады.
- Мемлекет басшысы биоотын айналымы мәселелеріне қатысты Заңға қол қойды.
- Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған 12-13 қазанда Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді.
- Түркіменстан президенті Сердар Бердімұхамедов 15 қазанда Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді.
- Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгеріс енгізілді.
- Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы шартқа өзгерістер енгізіледі.
- 14 қазанда Астанада ТМД Мемлекеттер басшылары кеңесінің Саммиті өтеді.
- Президенттік сайлау: Алматыда 600 сайлау учаскесі ашылады.
- Қазақстан семсерлесуден Азия жастар чемпионатында алтын медаль алды.
- Елімізде 655 алғашқы медициналық көмек нысаны салынбақ.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербуркте өткен ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер көшбасшыларының бейресми кездесуіне Қазақстан Президентімен қатар Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиын барысында ТМД елдерінің басшылары Ұйым қызметінің басым бағыттарын, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту және одан әрі дамыту жөніндегі жоспарды талқылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді мерейтойымен құттықтап, оның Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға қосқан үлесін атап өтті.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ӘМАТ) базалары және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Премьер-Министр қазіргі уақытта биылғы егіннен жиналған көкөніс өнімдерінің бағасы төмен екенін атап өтті. Осыған байланысты өңірлердің әкімдері тұрақтандыру қорларын белсенді түрде толықтыруы қажет. «Наурыз айынан маусым айына дейін жалғасатын маусымаралық кезеңде тапшылықты болдырмау және қымбат көкөністерді сырттан тасымау үшін қоймаларды қазірден бастап пияз, картоп, сәбіз, қырыққабатпен толтыру қажет. Маусымдық кезеңде бағаны интервенциялау және көкөніс бағасының шарықтап кетуіне жол бермеу үшін оларды ең төмен бағамен сатып алатын мүмкіндікті қазірден тиімді пайдалану қажет», – деді Әлихан Смайылов. Спикер бағаны тұрақтандырудың жаңа тәсілдерін іске асыру аясында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың шоттарындағы қаражатты резервке қойып, оларды өндірушілерді қаржыландыруға жіберу қажеттігін атап өтті.

■ МЕРЕКЕ

ҚР Үкіметі Республика күнін мерекелеу аясында демалыс күнін ауыстыруды бекітті.

Әлихан Смайылов «2022 жылы демалыс күндерін ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 қазандағы №713 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Үкіметтің 07.10.2022 жылғы №796 қаулысына қол қойды. Қаулыға сәйкес, демалыс күні 2022 жылғы 22 қазан, сенбіден 2022 жылғы 24 қазан, дүйсенбіге ауыстырылады.

Биыл 25 қазанда еліміздің ұлттық мерекесі ретінде алғаш рет Республика күні аталып өтеді. Демалыс күнін ауыстыру жұмыс істейтін қазақстандықтарға мереке кезінде демалысын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

■ БАС ПРОКУРАТУРА

Бас Прокурордың бірінші орынбасары Тимур Тәшімбаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесі, Премьер-Министр Кеңесі, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар басшылығы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен криминогендік ахуал мәселелері және құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары талқыланды.

Қадағалау органы еліміз бойынша криминогендік жағдайдың тұрақты екенін, қылмыстың 1,8%-ға елеусіз өсуі байқалатынын атап өтті. Оның құрылымында негізгі үлес үрлық (9,2%) және алаяқтық (4,6%) арқылы өскен мүлдікті қылмыстарға тиесілі болып отыр. Бұл ретте тонау, қарақшылық және бұзақылық сияқты пайдакүнемдік-зорлық-зомбылық қылмыстар азайған. Өткен жылдың осы кезге сәйкес кезеңімен салыстырғанда қаржы пирамидаларын құру және басқару туралы істерді тіркеу 45%-ға, интернет-алаяқтық 5%-ға қысқарған. Осыған байланысты интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар кешенін одан әрі іске асыру мәселелері, ауыстырылатын абоненттік нөмірлерді пайдалана отырып жасалатын телефон қосылымдарын бұғаттаудың техникалық және заңнамалық аспектілері талқыланды. Өкілетті құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға ұлтаралық алауыздықты қоздыруға бағытталған іс-қимылдардың жолын кесу тапсырылды. Прокуратураның қолдауымен «Зан керуені» акциясы іске қосылады. Акцияның мақсаты – заңдарды түсіндіру, жергілікті жерде халыққа жедел құқықтық көмек көрсету, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен қорғалу деңгейін арттыру, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайтуда азаматтық қоғам мен құқық қорғау және мемлекеттік органдардың күш-жігерін біріктіру болып табылады.

■ МЕМҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев жұмыс сапарымен Алматы қаласына келіп, Агенттіктің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті және ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының өңірлік филиал қызметкерлерімен кездесті.

Кездесуде Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіруге қатысты тапсырмаларын іске асыру бойынша Агенттік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар жайлы айтылды. Дархан Жазықбаев мемлекеттік аппараттың жұмысында бюрократияға жол бермеу, мемлекеттік қызметке іріктеуді цифрландыру және кадр процестерін автоматтандыру, стратегиялық HR-дың дамуына бағытталған іс-шаралар жоспарымен бөлісті.

Агенттік төрағасы Алматы қаласының жас мемлекеттік қызметшілері және мемлекеттік қызмет көрсетушілерімен кездесіп, Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің жұмысымен танысты. Сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастырудағы білікті кадрлардың маңызды рөлі аталып өтті.

Бүгінде мемлекеттік қызметке дарынды әрі білікті жастарды тартуға арналған бірегей жоба – Президенттік жастар кадр резервінің 13 мүшесі Алматы қаласының мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік ұйымдарында жауапты қызметтер атқарады.

■ ТӨРАҒА

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов Мемлекет басшысының ішкі нарықты тауарлық газбен қамтамасыз етуге басымдық беру жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы туралы Президентке есеп берді.

Санжар Жаркешов Қасым-Жомарт Тоқаевқа газ саласын дамытудың кешенді жоспарының жүзеге асырылу барысы жөнінде баяндады. Аталған жоспарда ресурстық базаны кеңейту, еліміздегі газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғырту және газ саласын реформалау мәселелері қамтылған. Заңнамаға тиісті өзгерістер жыл соңына дейін енгізіледі.

Мемлекет басшысы газ саласын дамытудың кешенді жоспарын одан әрі жүзеге асыруды жалғастыру және Қашаған кен орнында салынып жатқан газ өңдеу зауытының құрылысын жеделдету жөнінде тапсырма берді.

■ ҒАРЫШ

Дүниежүзілік ғарыш апталығы аясында отандық ғарыштық технологиялар мен патенттердің таныстырылымы өтті. Кездесу тақырыбы – «World Space Week: ғарыштық технологиялар және патенттер».

Іс-шараның мақсаты – еліміздің ғарыш саласында ғылыми-техникалық және патенттік-инновациялық қызметті танымал ету.

Аэроғарыш саласының өкілдері Қазақстанның ғарыштық байланысы, проблемалары, сын-қатерлері, жетістіктері, жоспарланған жобалары және ғарыш саласы үшін кадрлар даярлау туралы айтып, еліміздің ғарыш саласы саласындағы өз жобаларын таныстырды.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы ҰҚШҰ Бас хатшысын қабылдады



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Засьті қабылдады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Бас хатшысы Мемлекет басшысына ұйымның қазіргі жағдайы мен даму перспективалары, сондай-ақ ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына дайындық барысы жөнінде мәлімет берді.

Кездесуде бұл халықаралық ұйым қызметінің негізгі бағытта-рындағы ауқымды мәселелер қарастырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САЙЛАУ – 2022

ТІЗІМ НАҚТЫЛАНУДА

Ел Президентін сайлау биылғы 20 қарашаға жоспарланған және ол кезектен тыс болады. Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Жанна Асанова мен аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Айгүл Қалықова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мегаполистегі сайлау науқаны туралы егжей-тегжейлі айтып берді.



СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

ҚАЖЕТТІ КЕҢЕС

Алматы қаласының Білім басқармасы қала прокуратурасымен және «JANYM» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп, І.Есенберлин атындағы №25 гимназиясының оқушыларымен семинар-тренинг өткізді.

Досбол АТАЖАН

Алматы қаласының Білім басқармасы, қала прокуратурасымен және «JANYM» ҚБ бірлескен жұмысының негізгі міндеті физикалық, жыныстық, эмоционалдық, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен, қауіп-қатерге тап болған жасөспірімдерге көмек көрсетуге бағытталған. Интернетте (кибербуллинг) қауіп-қатерге тап болған, жақын адамынан айырылған, бастан кешірген жағымсыз әсерлерге ұшыраған жасөспірімдерге және олардың жақындарына қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

«JANYM» ҚБ жұмысы онлайн-платформаларда ұйымдастырылған, сонымен қатар Instagram, TikTok, Facebook сияқты әлеуметтік желілерде ағартушылық және профилактикалық жұмыстар белсенді жүргізілуде.



«JANYM» ҚБ басшысы Наталья Ключина және Білім басқармасының психологиялық сүйемелдеу бөлімінің жетекшісі Венера Коканова оқушылармен өткізген семинар барысында балалар тарапынан ашық сұрақтар қойылды, қорқынышпен күресуге және көмекке толмағандар арасындағы деструктивті мінез-құлықтың алдын алу мен волонтерлік қызметке ниет білдірушілер болды.

Жасөспірімдер үшін сейсенбі күндері Instagram желісінде «Жасөспірімдер қонақжайы», «Біз маңызды нәрселер туралы айтамыз» жобалары аясында «JANYM» ҚБ мамандарымен және Білім басқармасы жанындағы Қалалық білім беру-

дегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының психологтарымен онлайн кездесулер өткізіледі, жасөспірімдерге арналған марафондар ай сайын қазақ және орыс тілдерінде ұйымдастырылады.

Ата-аналар үшін бейсенбі күндері көмекке толмаған балалар қарым-қатынас мәселелері бойынша тікелей эфирде «Ата-аналар қонақжайы» онлайн жобасы жүзеге асырылуда. Көмектің бұл түрі жасөспірімдер арасындағы суицидтік, девиантты, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу болып табылады. Онлайн көмекті қиын өмірлік жағдайға тап болған кез келген жасөспірім және олардың ата-аналары ала алады.



ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қала 2022-2023 күзгі-қысқы кезеңдегі жылыту маусымына толығымен дайын

(Басы 1-бетте)

«Алматы жылу желілері» ЖШС бас инженері Данияр Қазымбетовтің мәліметінше, қалалық жылу трассаларында алдағы 2022-2023 жылыту маусымына дайындық шеңберінде жылумен жабдықтау жүйесін жөндеу және жаңғырту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Жұмыс жоспарына сәйкес алдағы жылыту маусымына сәуір айынан бастап барлық жылу желілерін гидравликалық сығымдау (жөндеуге дейін және жөндеуден кейін); жылу желілерінің жабдыктарын ағымдағы жөндеу; кестеге сәйкес сорғы станцияларын ағымдағы жөндеу; ОЖП жабдыктары мен павильондарын жөндеу жұмыстар қолға алынған болатын.

– Бүгінгі күні жеткізуші және кері су құбыры бойынша гидравликалық сынақтар 100%-ға жүргізілген. Гидравликалық сынақтар кезеңінде 489 зақым тіркелді. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда, 16,8% төмен. Жалпы, жылу желілерінде биыл 9 шақырым желі ауыстырылды. Сонымен қатар, барлық жөндеу бригадалары қажетті арнайы техникамен жабдықталған. Мәселен, 64 техника жұмылдырылған. Оның ішінде (арнайы трактор, экскаватор, Камаз, МАЗ, Нипо), «Газель» және «Соболь» автомашинасы бригада мүшелерін, газбен дәнекерлеу жабдыктарын, қоршау қалқандарын, аспаптарды, 11,6 кВт және 25 кВт дизельді электр станциясын, «Гном» айдау сорғыларды, желдеткіштерді, электрлі дәнекерлеу аппаратын, жарықтандыру прожекторын тасымалдауға арналған», – дейді Данияр Қазымбетов.

Спикердің айтуынша, бүгінгі күні барлық жылу желілері сумен толтырылған, жылу желілерін жылыту маусымына бұруға және жылу желілерінде баяу айналым жасауға дайындық жүргізіліп жатыр. Ай-



налым жылыту кезеңі басталғанға дейін 3 күн бұрын іске қосылады.

2022 жылы жылыту маусымына дайындық кезінде кәсіпорынның алдында тұрған тағы бір міндет – ұзындығы 4,7 км жылу желілерінің учаскелерін ауыстыру. Бұл осы желілердің пайдалану мерзімінен 25 жылдан асқандығына байланысты болады.

– Қазыбаев көшесімен солтүстік бағытта Серіков көшесінен №28 тұрғын үйге дейін;

– Гүлдер саябағы бойынша Қазыбаев көшесіне дейін;

– Төле би көшесімен Уәлиханов көшесінен Зенков көшесіне дейін;

– Пушкин көшесімен Төле би көшесінен Қарасай батыр көшесіне дейін;

– Ерғожин көшесі бойынша;

– Садовников көшесімен Сайран көлі бойымен №82 тұрғын үйге дейін,

Сондай-ақ, Жетісу ауданындағы екі сорғы станциясы.

Бұл іс-шаралар көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін жүргізіледі.

Айта кетейік, ағымдағы жылы Алматы қаласы бойынша жылу желілерінің тозуы шамамен 60% (811,5 км) құрайды.

Бүгінгі таңда барлық жылу желілері желілік сумен толтырылған, жылу желілерін 2022-2023 ж.ж. жылыту маусымына бұруға және жылу желілерінде баяу айналым жасауға дайындық жүргізіліп жатыр. Айналым жылыту кезеңі басталғанға дейін 3 күн бұрын іске қосылады.

Жылу желілері үйге (теңгерімдік шектеу шекарасына дейін) дейін жылумен қамтамасыз етеді. Одан кейін ПИК немесе МИБ қыста суық мезгілде қолайлы жағдайларға кепілдік беру үшін міндетті түрде

КЕРЕК ДЕРЕК

• Жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 1 352,33 шақырым.

• Алматыда жылу желілері жұмысының гидравликалық режимін қамтамасыз ету үшін 67 сорғы станциясы бар.

үйшілік жылумен жабдықтау жүйесінің дайындық жұмыстарын жүргізуі тиіс. Яғни жылыту жүйесін жуу, жөндеу және сығымдау, үйдің өзін, шатырды, жер төлені, терезені, есіктерді және т.б. оқшаулап жабу секілді жұмыстарын қысқы мезгілге әзірлеу керек.

Брифинг барысында «Алматы жылу желілері» ЖШС бас инженері Данияр Қазымбетов қала тұрғындары коммуналдық қызметке 1,5 млрд теңге қарыз екенін айтты: – Бүгінгі таңда тұтынушылардың пайдаланған ыстық су мен жылу үшін кәсіпорын алдындағы жалпы қарызы шамамен 1,5 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде заңды және жеке тұлғалармен қатар мемлекеттік мекемелер де бар. Қазір дебиторлық қарызды қайтару шараларын қолға алып жатырмыз», – деген компания өкілі қала тұрғындарын жылу мен ыстық суға қарыздарын төлеуге шақырды.

Тағы да айта кетейік, Алматыда ережеге сәйкес, қаланы жылу жүйесіне қосу сыртқы ауа температурасы +8°C және одан төмен болғанда бес тәулік ішінде жүргізіледі. Бірінші кезекте жылуға денсаулық сақтау, білім беру ғимараттары және өзге де әлеуметтік объектілер қосылатын болады. Кейін жылу көппәтерлі тұрғын үйлерге беріледі.

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

«АҒАШТЫ ЖЕРДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ»

Алматыда «Жасыл қала» науқаны басталды

Алматыдай алып шаһардың көркін кіргізіп, ауа тазалығын сақтауда жасыл желектің алатын орны ерекше. Сондықтан көктем және күз мезгілінде ағаш отырғызу науқаны жүргізіледі.

Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының хабарлауынша, мегаполисте тұрғындарға тегін көшеттер тарататын «Жасыл қала» науқаны басталды. Мақсаты – аулалар мен жалпы қолданыстағы аумақтарды көгалдандыру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруды көздейтін акцияда көпқабатты үйлер ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға ниетті әрбір алматылық шаған, үйеңкі, шегірін, терек, қараған мен қайыңның көшеттерін тегін ала алады.

Науқан қатысушылары отырғызылған ағаштарды алдағы үш жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қоятындығын ескерген жөн. Қатысу үшін n.kutybaev@almaty.gov.kz электронды поштасына келесі мәліметтерді жолдау қажет:



1. Қатысушының аты-жөні мен телефон нөмірі, ағаш отырғызылатын орынның нақты мекенжайы;

2. Ағаш отырғызылатын орынның фотосы (мамандарға орынды толықтай бағалауға мүмкіндік болуы үшін панорамалық форматта болғаны жөн);

3. Сұралып отырған көшет түрі мен саны.

Өтінімдер 2022 жылғы 10–23 қазан аралығында қабылданады. Көшеттерді тарату келесі мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Алматы қ., Бостандық ауданы,

Тәжібаев к-сі, 155 А («STAMP SERVICE» ЖШС базасы).

Өтінімдерді қарау мерзімі 2022 жылғы 10–23 қазан аралығына жоспарланып отыр. Ағаш отырғызу жұмыстары 24 қазаннан бастап жүргізіледі. Фотоесеп жолдау қажет.

Тағы бір ескерте кететін жайт, көрсетілген уақыттан кейін жолданған өтініштер қарастырылмайды. Қосымша ақпарат алу үшін Жасыл қорды басқару және мониторинг бөліміне келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: +7 777 068 56 38.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

Шаһар басшысының аудан тұрғындарымен кездесуі көптің көңілінен шығатын игілікті істермен жалғасуда.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫНДА ЖАҢА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Алматының шеткі аудандарын инфрақұрылыммен қамту, жаңа жол салу мәселесі бүгінде қарқынды жүріп жатыр. Наурызбай ауданында 45 шақырымдық жаңа жол салынады. Негізгі жұмыс «Ақжар» ықшамауданының 89 көшесінде жүргізілмек.

Бұл жағымды жаңалық Алматы әкімінің аудан тұрғындарымен болған кездесуінен кейінгі жұмыстың нәтижесі. Жолдың жайын айтып өтініш білдірген наурызбайлықтар қала басшысымен кездесулердің бірінде көшедегі аяқталмаған жұмыстарға мән беруін сұраған. Бүгінде мұнда 8 шақырымдық жол асфальтталып, 4 көшеде жағдай жақсарды. Ендігіде жөндеудің екінші кезеңі басталады дейді әкімдік маманы.

Наурызбай ауданы әкімдігі бөлім басшысының міндетін атқарушы Оңалбек Қыдырбаевтың айтуынша, қазір екінші кезең бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Бүгінде аудан аумағында жоспарға сәйкес, 13 шақырым жолға жөндеу жүргізілді. Жөндеу жұмыстары «Қарағайлы», «Қарғалы» мен «Шұғыла» шағынаудандарын да қамтитын болады.

Мамандардың айтуынша, ауданда жол ғана емес, алаңқайлар

мен спорт алаңдарының да жағдайы жақсармақ. Мәселен, «Ақжар» шағынауданында 10 мың шаршы метрлік саябақ жөндеуден өткен.

«Саябақтағы жұмыстар биылғы маусым айында басталған еді. Бүгінде 95 пайызын аяқтадық. Қазір өздеріңіз көріп тұрғандай, ағаш отырғызылып жатыр. Жоспар бойынша, бейнебақылау камералары да орнатылады», – дейді Наурызбай ауданы әкімдігінің өкілі.

– Қала әкімімен кездесу болған кезде ауданда саябақтың жоқтығын айтқан едік. Міне, жақында ғана су жаңа саябақ бой көтерді. Өте қуаныштымыз. Бос уақытымызда демалатын, қыдыратын жердің болғаны жақсы ғой. Немерелерімізбен күнде болмаса да, демалыс күндері осында келеміз. Қазір ағаш отырғызылып жатыр. Ауа тазарып, айналымыз әдемі бола бастады, – дейді Наурызбай ауданының тұрғыны Құралай Қыдырәліқызы.

Қазір «Қалқаман» шағынауданында спорт алаңқайлары мен балаларға арналған орындар жасалып жатыр. Мамандар аталған аумақтарды қазан айы аяқталғанша қолданысқа береміз деп отыр.

Бетті дайындаған
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТҰРҒЫН ҮЙ

БАҒДАРЛАМА ШАРТТАРЫ ЖЕҢІЛДЕДІ

Алматылықтарға «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында берілетін заемның ең жоғары сомасы бойынша шектеулер болмайды

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында жеңілдетілген ипотекалық несиелеуге арналған брифинг өтті. Алматы қаласы «Отбасы банкі» АҚ филиалының директоры Данагүл Түсіпова биыл елімізде 5000-ға жуық отбасына несие берудің жоспарланып отырғанын айтты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ол «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша қатысушылардың тізімі қалыптасқанын еске салды. Іріктеудің негізгі критерийлері жергілікті әкімдікте кезекке қою күні және қойылым санаты болды. Бағдарламаның барлық қатысушысы өз мәртебесін otbasybank.kz порталындағы жеке кабинеттерінен біледі.

«Қазақстандық отбасыларды жеңілдетілген шарттармен несиелендіруге биыл республикалық бюджеттен 51 млрд теңге бөлінді. Аталмыш қаражат Отбасы банкіне түсті. Бұл қаражат аясында 5000-ға жуық отбасы несие алатын болады», – деді Д.Түсіпова.

Енді «Бақытты отбасы» бағдарламасына көпбалалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылармен қатар, «жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар» сондай-ақ «I және II топтағы мүгедектер» санаттары бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған қазақстандықтар қатыса алады. Жаңа қосылған санаттар бойынша «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысушылар өз өтініштерін жаңа байқау жарияланған уақытта жолдай алады.

ТАБЫСҚА ШЕКТЕУ
ҚОЙЫЛМАЙДЫ

«Тағы бір жағымды жаңалық – «Бақытты отбасы» бағдарламасында табысқа шектеу қойылмайды. Бұған дейін отбасы мүшелерінің соңғы 6 айдағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен, яғни 115 905 теңгеден аспауы керек деген талап бар болатын. Мысалы, көпбалалы отбасы отағасының жалақысы белгіленген нормадан 200 теңгеге асып кетсе, бұл отбасы қолжетімді несиеге қол жеткізе алмайтын», – деп түсіндірді Д.Түсіпова.

Сондай-ақ, «Бақытты отбасы» бағдарламасы қатысушыларды несиенің максималды сомасымен шектемейтін болады. Осыған дейін аймаққа байланысты ол 10 миллионнан 15 миллион теңгеге дейін ғана болатын. Енді

несие сомасы пәтер құнына негізделетін болады және тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасынан қалыптасады.

Қабылданған тұжырымдамаға сәйкес таза әрлеудегі тұрғын үйдің 1 ш.м. үшін келесідей баға параметрлері белгіленген:

Астана, Алматы қалаларында және олардың маңайындағы аудандарда 290 мың теңгеге дейін;

Атырау және Маңғыстау облыстарында 240 мың теңгеге дейін;

Шымкент қаласында, Қостанай, Түркістан, Қарағанды және Ұлытау облыстарында 220 мың теңгеге дейін;

Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Абай облыстарында 200 мың теңгеге дейін;

Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Павлодар, Сол-

түстік Қазақстан, Жамбыл және Жетісу облыстарында 180 мың теңгеге дейін.

Әлеуметтік тұрғын үй 3-4 жайлылық класына сәйкес келетін және пәтердің ең үлкен ауданы 80 шаршы метрден аспайтын болады.

Жылжымайтын мүлік қарыз алушы тұрғын үй кезегінде тұрған аймақтан сатып алынуы тиіс.

«Тағы бір маңызды ақпарат, енді «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жергілікті әкімдіктер арқылы салынған әлеуметтік несиелік тұрғын үйлерді ғана сатып алуға болады», – деп нақтылады РСК спикері.

Оны otbasybank.kz порталынан таңдауға болады. Тұрғын үйді таңдауға немесе өңірде үйдің қолданысқа берілуін күтуге (егер өтініш берген уақытта порталда сатып алуға шығарылған баспана болмаса) бағдарлама қатысушысына 2023 жылдың ақпан айының соңына дейін уақыт беріледі. Осы уақытқа дейін қатысушының өтініші сақталады.

ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ
ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛАДЫ

«Бақытты отбасы» бағдарламасы жүзеге асырылған 3 жыл ішінде 14 700 қазақстандық отбасы қоныс тойын тойлады.

Тұжырымдамаға сәйкес елімізде жеңілдетілген несиелік тұрғын үй бағдарламалары «2-10-20» («Бақытты отбасы» бағдарламасы) және «5-10-20» («Шаңырақ» бағдарламасы) аясында жүзеге асырылатын болады.

«5-10-20» бағдарламасы бойынша жергілікті әкімдіктерде баспана кезегінде тұрған азаматтардың барлық санаты пәтер ала алады. Табыс бойынша шектеулер болмайды. Бастысы, бағдарламаға қатысушылар төлем қабілеттілігін растаулары қажет. Бағдарлама бойынша жергілікті әкімдіктер арқылы салынған әлеуметтік несиелік тұрғын үйлерді ғана сатып алуға болады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

НИЕТ БОЛСА, ЖҰМЫС БАР

Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Сағындық Кенжебаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке қатысып, мегаполис тұрғындарының жеке кәсіп ашуға және оны кәсіби деңгейде қалай жолға қоюға болатыны туралы айтты.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

КӘСІБІҢІЗГЕ ЖОЛ АШЫҚ

Спикердің айтуынша, орталықтың басты мақсаты – жұмыс іздеп жүрген алматылықтарды жұмысқа орналастыруға және жұмыс берушілерге кадрларды іріктеуге жәрдемдесу, сондай-ақ жұмыспен қамтумен байланысты іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру.

«Биыл 25 мамандық бойынша 1002 адамды оқыту жоспарлануда. Бүгінгі күні кәсіптік оқыту курстарына 1003 адам жіберілді, оның ішінде 659 адам оқуды аяқтады, 499-ы алған мамандығы бойынша тұрақты жұмысқа орналастырылды», – дейді С.Кенжебаев.

Сондай-ақ, жаппай кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде айлық есептік көрсеткіштің 400 еселенген мөлшеріне дейін (1 225 200 теңге) мемлекеттік гранттар беру көзделген. Бұл – жеке кәсіп ашсам деп талпынған жандарға жаңа бизнесті бастау және дамыту үшін қайтарымызсыз негізде берілетін бастапқы капитал. Грант қаражаты ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге, сондай-ақ жекелеген әлеуметтік санаттарға жататын адамдарға (29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлер, АӨК және көпбалалы ретінде, асыраушысынан айырылғанға байланысты жәрдемақы алушылар, қандастар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған мүгедектігі бар адамдар) өздерінің бизнес-әлеуетін іске асыруға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сонымен қоса өзін тұрақты

табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Айта кетейік, гранттар кәсібіне қажетті құрал-саймандар, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтар, мал, құс, көшеттер, бұталар, егетін тұқымдар сатып алуға, үй-жайды жалға алу ақысын төлеуге беріледі.

АҒА БУЫН МЕН ЖАС ҰРПАҚ
САБАҚТАСТЫҒЫ

Брифинг барысында Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Сағындық Кенжебаев мегаполисте еңбек нарығы бірнеше бағыт бойынша дамып жатқанын атап өтті.

Біріншісі – әлеуметтік жұмыс орындары, соның арқасында 12 айға дейінгі мерзімге уақытша жұмыс орындарын құру көзделеді. Жалақының бір бөлігін мемлекет субсидиялайды, яғни жұмыс берушінің белгіленген жалақы мөлшерінің 35%-ы, бірақ 20 АЕК-тен (61 260 теңгеден) аспайды. Жыл басынан бері әлеуметтік жұмыс орындарына 956 адам жіберілген, жыл соңына дейін тағы 30 адам жіберіледі.

Екіншісі – қоғамдық жұмыстар. Олар біліктілігі жоқ адамдар үшін 12 айдан аспайтын мерзімге уақытша жұмыс орындарын құруды көздейді. Жалақыны толық көлемде мемлекет 30 АЕК мөлшерінде төлейді, бұл – 91 980 теңгені құрайды. Жыл басынан бері қоғамдық жұмыстарға 9458 адам жіберілген.

Үшінші бағыт – 29 жастан аспаған ЖОО түлектері қатарындағы жұмыссыздарға, мамандығы бойынша 12 айдан аспайтын мерзім-



де бастапқы жұмыс тәжірибесін алуға арналған «Жастар практикасы». Жалақыны толық көлемде мемлекет 40 АЕК мөлшерінде төлейді, бұл – 122 520 теңге. Биыл «Жастар практикасына» 1043 жас жіберілді, жыл соңына дейін тағы 55 адам қамтылмақ.

Төртінші бағыт – 29 жастан аспаған жастарға, оның ішінде жұмыс тәжірибесі жоқ НЕЕТ санатындағы жастарға 18 айдан аспайтын мерзімге уақытша жұмыс орындарын құруды көздейтін «Бірінші жұмыс орны» жобасы. Онда 6 ай ішінде жалақыны мемлекет 30 АЕК мөлшерінде төлейді, бұл – 91 980 теңге. Биыл 424 адамды қамту жоспарланған, бүгінде 310 адам жіберілді.

Бесінші жоба – «Ұрпақтар келісімі». Ол 2 жыл ішінде оқуын аяқтаған және жасы 29-дан аспайтын білім беру ұйымдарының түлектері үшін 6 айдан аспайтын мерзімге уақытша жұмыс орындарын құруды көздейді, бұл ретте еңбекақыны 30 АЕК мөлшерінде мемлекет төлейді, бұл – 91 980 теңге. Биыл 59 адамды қамту жоспарланған, бүгінде 53 адам жіберілді.

Алтыншы бағыт – «Күміс жас» жобасы. Соның арқасында 12 айдан аспайтын мерзімге зейнеткерлікке дейінгі жастағы жұмыссыздар үшін уақытша жұмыс орындары құрылады. Жалақының

бір бөлігін мемлекет субсидиялайды, яғни жұмыс берушінің белгіленген жалақы мөлшерінің 50%-ы, бірақ 30 АЕК-тен аспайды, бұл 91 980 теңгені құрайды. Осы жылы 125 адамды қамту жоспарланған, қазіргі уақытта жобаға 58 адам қатысуда. Жоба 2022 жылдың тамыз айынан бастап жүзеге асырыла бастады.

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДЫ
НЕДЕН БАСТАЙМЫЗ?

Жұмыс іздеп жүрген алматылықтар бірінші қандай қадамдар жасау керек? Оларға бәсекеге қабілетті түйіндеме жасауға және лайықты бос жұмыс орнын табуға қайда көмек көрсетіледі? Брифингте осы сауалдарға да жауап берілді.

Спикердің айтуынша, бүгінгі күні жұмыс берушілер электронды еңбек биржасына 4306-дан астам бос жұмыс орнын орналастырған. Жыл басынан бері 25 221 адам жұмыс тапса, оның 13 343-і – тұрақты, 11 878-і уақытша жұмысқа орналастырылған.

«Азаматтар мен жұмыс берушілерге ыңғайлы болу үшін 2018 жылдан бастап қызметтерді электронды форматқа көшіруді жүзеге асыру басталды. Бүгінгі күні барлық қызмет онлайн түрде көрсетіледі. Бұл – өтініш берушіні жұмыссыз ретінде тіркеу және жұмысқа орналасуға жәрдемдесудің бел-

сенді шараларына жолдама алу, жұмыс беруші үшін бос жұмыс орындарын жариялау, кадрларды іріктеу, белсенді шараларға қатысуға өтініш беру, әртүрлі құжаттарды ұсыну, жұмыспен қамту туралы есеп беру», – дейді С.Кенжебаев.

Спикер ағымдағы жылдың 3 қазанынан бастап 2023 жылға арналған субсидияланатын жұмыс орындарына қатысушысы келетін жұмыс берушілердің өтініштерін қабылдау басталғанын да хабарлады. Қабылдау айдың соңына дейін жүргізіледі.

Сондай-ақ, спикер азаматтардың жекелеген санаттарын (квота бойынша мүгедектер – 2171, тұрақты жұмыс орындарына – 223, пробация қызметі мен бас бостандығынан айыру орындарында есепте тұрғандар – 23, жетім балалар – 2, әйелдер – 12815, жастар – 8768, алимент бойынша берешегі бар азаматтар – 15) квота бойынша жұмысқа орналастыруға ерекше көңіл бөлінетінін тілге тиек етті.

АРБАТТА ЖҰМЫССЫЗДАРҒА
ЖӨРМЕНКЕ ОТЕДІ

Сонымен қатар, Жұмыспен қамту орталығы тұрақты түрде бос жұмыс орындары жәрменкесін өткізіп тұрады. Жыл басынан бері 28 бос жұмыс орындары жәрменкесі өткізіліп, оған 8 мыңнан астам адам қатысып, 1000-ға жуық адам жұмысқа орналастырылған.

Алматы агломерациясы аясында биыл Алматы облысының жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп отырып, Есік қаласында 2 бос жұмыс орындары жәрменкесі өткен. Енді жыл соңына дейін Қаскелең қаласында бос жұмыс орындары жәрменкесін өткізу жоспарлануда.

Алматыда таяуда, дәлірек айтсақ, 19 қазан күні сағат 11.00-де Арбатта жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрменкесі өтеді. Спикер оған қаланың 150-ден астам кәсіпорны қатысатынын атап өтіп, жұмыс іздеп жүрген жандардың бәрін осы жалпықалалық бос орындар жәрменкесіне қатысуға шақырды.



ЖОЛДАУ – 2022

**Бауыржан ЖАҚЫП,
Қазақстан Жазушылар
одағы басқармасы
төрағасының
орынбасары:**



ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕ БАР НӘРСЕ

Президент сайлауын дәл осы кезде өткізу дұрыс шешім. Бізге Президент сайлауы керек. Президент сайлауында Президент бір ғана мерзімге 7 жылға сайланады. Бұл әлемдік тәжірибеде бар нәрсе. Әр Президент өзі сайланған 7 жылдық мерзімде көптеген жетістікке жету керек. Шешілмеген мәселелерге нүкте қоюға тиіс. Бағдарламасында көрсетілгендерді жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Осы мәселені толық қолдаймын. Дәл осы кезде бізге жұдырықтай жұмылып, Президенттің саясатын қолдауымыз керек деп ойлаймын.

**Восток АХМАДУЛЛА,
«Ариана» ауған этномәдени бірлестігінің төрағасы:**

ХАЛЫҚ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президентті, Парламентті және барлық деңгейдегі мәслихатты мерзімінен бұрын сайлау туралы жариялады. Бұл дегеніміз, біздің демократиялық қоғамда және адамдардың ұсыныс-пікірі, халықтың талап-тілегі ескерілетін демократиялық елде өмір сүріп жатқанымыздың көрінісі. Онда

біртұтас ұлт, қоғамның бақуатты өмір сүруі, әл-ауқаты жайында және суперпрезиденттік биліктен кейін билік Парламентке, жергілікті билікке өтетіні туралы айтылады.

Алдағы сайлаудың жүгі ауыр. Сондықтан халық осындай мүмкіндікті пайдаланып, саяси науқаннан тыс қалмай, өз таңдауын жасауы керек.



**Георгий ИОРДАНИДИ,
«Филия» қазақстандық грек қоғамдары қауымдастығының төрағасы:**



ЖАҢА ҚОҒАМДЫ ҚҰРУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Президенттің мандатын қайта сайлау құқығынсыз, 7 жылдық бір мерзіммен шектеу жөнінде ұсыныс айтты. Бұл бастама әлбетте, ел арасында, сарапшылар ортасында және әлеуметтік желілерде қызу талқыланды. Ал мен бұл ұсынысты толығымен қолдай отырып, Президент пен

Парламент конституцияда билік мерзімінің шектелуіне қатысты дұрыс шешім қабылдады деп санаймын. Біз жаңа Қазақстанды құрып жатқан елміз. Сондықтан алғашқы 30 жылда Қазақстанды құрған кездегі қателіктерді енді қайталамауға күш салу керек. Себебі, Президент Жолдауы Әділетті Қазақстанды құруға негізделген.

**Дидар ДІЛДӘБЕК,
Абай атындағы ҚазҰПУ тәрбие, әлеуметтік жұмыстар
және жастар саясаты департаментінің директоры:**

МӘНІ ЗОР ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІ

Әлемдегі жағдайды бәріміз де білеміз. Еліміздегі кезектен тыс Президентті сайлау науқаны осындай алмағайып уақыттың талабынан туып отырғандығы сөзсіз. Дәл қазір біз үлкен бір өзгерістердің алдында тұрмыз. Жазда өткен референдум

сол өзгерістердің бастауы болатын. Алдымызда күткендегідей нәтижеге жеткізетін жол тұр. Ол жолға әкелетін нәрсе – Президент сайлауы. Яғни бұл – халық үшін мәні зор өзгерістер кезеңінің басы болғалы тұр.



ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

20 қараша
2022



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
САЙЛАУЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

КАНДИДАТ ТУМЫСЫНАН
ҚР АЗАМАТЫ БОЛУЫ ТИІС

40 ЖАСҚА ТОЛҒАН

40+

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
ЕРКІН МЕҢГЕРГЕН



СОҢҒЫ 15 ЖЫЛ БОЙЫ
ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН



ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ
КЕМІНДЕ 5 ЖЫЛ ЖҰМЫС
ТӘЖІРИБЕСІ БАР



БЕЛСЕНДІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНА
ИЕ АЗАМАТ БОЛУЫ ТИІС



2022 жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жолдаған болатын. Жолдау бес бағдарға бөлініп, әр сала бойынша атқарылар шаралар сараланып берілген. Жер, жол мәселесі, әйелдердің зейнеткерлік жасының төмендеуі, бала күтіміне арналған жәрдемақының ұзаруы, энергетика, тариф, ауылшаруашылығы саласы, кәсіпкерлікті қолдау! Яғни Президент қоғамның барлық саласын қамтыды.

**Бағдат КИКЕНОВА, гуманитарлық
ғылымдар магистрі:**

ХАЛЫҚТЫҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ

Аталған Жолдаудың екінші бағдарында 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма берді.

Президенттің ел даму үшін жасалатын қадамдарды нақты айтуы жұртшылықтың көңілінен шықты деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда, Жолдау өзіндік нақтылығымен, ұғынықтылығымен ерекшеленді. Біз осы Жолдау міндеттері орындалып, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру, денсаулық сақтау сферасын дамыту, инфрақұрылымды дамыту, елдегі төменгі жалақы мәселесін шешу сынды тегеурінді басымдықтар жүзеге асқан жағдайда елдің тұрмысы түзеліп, жағдайымыздың жақсаратынына сенеміз.

Мемлекет басшысы Президент пен Мәжіліс сайлауын мерзімінен бұрын өткізуді ұсынды. Сондай-ақ, Президент 1 мерзімге қайта сайлау құқығынсыз, 7 жыл мерзімге сайланатын нұсқа ұсынып, оны Парламент қарауына жолдады. Өз кезегінде бұл сайлаудың маңызы өте зор деп санаймын, әрі стратегиялық та, саяси да зор маңызға ие деп білемін. Себебі, партия туралы заңға өзгерістер енген соң, саяси әділетті топтардың ел мүддесі үшін атқарар істері де оңайлай түскені рас. «Әділетті Қазақстан» құру әділетті сайлау өткізуден бастау алатынына халықтың да сенімі мол.

Осы ретте қоғамдық өмірдің барлық салаларын цифрландыру мен автоматтандыру салықтан түскен табыстың ашық әрі адал түрде іске асуын қамтамасыз ететіні анық. Сонымен бірге, алдыңғы қатарлы озық инновациялық технологиялар жалпы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін де қажет. Бұл бірінші кезекте цифрлы өркениет заманында адам капиталының дамуымен тығыз байланысты. Шын мәнінде бүгінгі күні ғаламторға қолжетімділіктің өсуі саяси ақпарат ағынын арттырып, азаматтардың білім мен жаңа заман талабына сай кәсіби шеберліктерді жаппай игеруіне жол ашты.

Қазіргі уақытта еліміздің барлық ЖОО, жұмыс орындары қала берді білім ордаларының барлығы дерлік цифрлы сауаттылыққа ие бола бастады. Осы ретте ғаламтар ғажайыптарының арқасында жастарымыз білімді, саналы басқа шетелдің азаматтарымен терезесі тең болып келе жатқаны жасырын емес. Бұл мемлекетіміздің халыққа жасаған үлкен қамқорлығы десек, артық айтпағанымыз.

Қазір қарап отырсақ, өскелең ұрпақ гаджеттер мен компьютердің ең соңғы нұсқаларын шебер меңгерген. Соның арқасында еліміз дамыған мемлекеттердің қатарында көрініп келе жатқанын аңғаруға болады.

Президентіміз әлемдік геосаяси және экономикалық ахуалдарға мән бере отырып, тың шешімдер мен тапсырмалар берді. Елдегі экономиканы, бизнесті жүйелеуді, жер қойнауы мен су ресурстарын дұрыс пайдаланудың басқа да модельдерін құрастыруды тапсырды. Алдағы уақытта еліміз экономикасы қарқынды дамыған, коммуникацияланған мемлекетке айналатынына сеніміміз мол.

Келешек ұрпаққа инвестициялауды, мемлекеттік қызметтің жұмысын күшейтуді, кенжелеп тұрған тұстарын қайта жаңғырту мен жасақтауды қолға алып, озық технологиялармен тоғысып, еліміз өркениетті, жастарымыз жалынды болады деген сенімдемін.

Алдағы сайлауда баршаңызды белсенді болуға, ел ертеңі үшін атсалысуға шақырамын. Осы Жолдау халықтың көңілінен шықты деп айта аламын. Ендігі кезекте бізге ауызбіршілік маңызды. Бейбіт елімізді құруда баршаңызды бір болып, ел игілігі жолында жұмыс жасауға шақырамын. Жолдау болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді. Ендеше, қуатты Әділетті Қазақстанды бірге құрайық.



«ҚОҚЫССЫЗ ТАЗА ТАБИФАТ»



Суреттерін түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАУ ТАЗАРЫП, АЙНАЛА ЖАҚСАРА ТҮСТІ

Алматылықтар Іле Алатауы баурайынан 35 тонна қоқыс жинады

(Басы 1-бетте)



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Сенбілікке қатысушылар үшін қаладан трансферлер ұйымдастырылып, қажетті заттар мен түскі бокстар ұсынылды. Сенбілік басталғанға дейін Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары таулы жерлерде қауіпсіздік және мінез-құлық ережелері бойынша нұсқаулық өткізді.

Жаппай қоқыс жинау жұмыстары ең танымал туристік орындарды – Көкжайлау үстіртін, Бутаковка, Казачка,

Кимасар және Проходное шатқалдарын қамтыды. Сенбілікке қатысушылар барлығы 35 тонна қоқыс жинап, Медеу ауданында 250 алма, сондай-ақ 500 бұта отырғызды.

Экологиялық сенбілік тұтынушылардың табиғатқа деген көзқарасына қарсы шыққандардың барлығын біріктіруге, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық туризмді дамыту мәселелеріне назар аударуға арналған.

Ағымдағы жылдың тоғыз айында Іле Алатауы ұлттық паркіне 630 мыңға жуық адам келді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қонысбек БАЙЕДІЛОВ,
Алматы қаласы бойынша
Экология департаментінің басшысы:

Акция бастау алды



Президентіміздің бастамасымен «Қоқыссыз таза табиғат» экологиялық акциясы бастау алды. Таңнан бері Алматы қаласының жұртшылығы – үлкені бар, кішісі бар, волонтерлері, студенттері бар барлығы жиналып, аталмыш іс-шараға атсалысып жатырмыз. Біздің басты мақсатымыз – табиғаттың бүгінгі жағдайына көңіл аудару, қаламыздың экологиялық проблемаларына назар аударып, жанашырлықпен қарау, жастардың патриоттық сезімдерін оятуды ойға алдық. Акцияның әу басында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тұр десек, артық айтпағанымыз. Қазақта «Көш жүре түзеледі» деген сөз бар. Қазіргі уақытта қаламыздың тұрғындары табиғатты ластамау керектігін түсініп, өз қоқыстарын жинауды әдетке айналдырған. Бұл қуантарлық жаңалық. Былтырдан бастап «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы жүзеге аса бастады. Ол жерде табиғаттың негізі – ауа, жер қойнауы, өсімдіктер дүниесі, жануарлар дүниесін қорғау жөнінде үлкен бағдарламалар қабылданып жатыр. Соның аясында үлкен жұмыстар өз жалғасын табады. Қазір барлық жұртшылықтың назары экологияға ауды. Мәселен, Алматы қаласын алсақ, қала ластанған қалалардың ішінде үштікке енеді. Өкінішке қарай, автокөліктерден шығатын зиянды қалдықтар утилизацияланбайды, себебі оларды қайта өңдейтін өндіріс жок. Көлікке пайдаланылатын улы сұйық заттардың қалдықтары жерге төгіліп, олар топыраққа сіңіп, зиян келтіруде. Соңғы жылдары автокөлік құралдарының қоршаған ортаны ластау жағдайы барынша үдеп барады. Сол себептен, табиғатымызға жанымыз ашса, осындай акцияларға белсене атсалысуымыз қажет.

Дамеля ТАНЕН,
Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің 1-курс студенті:

Сауап жинаймын



Сенбілікке университетіміздің еріктілерімен бірге келдім. Жақындарымды шақырған едім, олар бас тартты. Жалпы, өзім тауды, табиғатты қатты жақсы көремін. Оның ластанып жаман күйге түскені менің көңілімді түсіреді. Сол себептен, жалғыз өзім келудің еш әбестігі жоқ екендігін ұғындым. Осы жерде бір қызық жайтты айта кетсем, келесі аптада менде аралық бақылау болады. Достарым соған дайындалып жатыр. Ал мен өзімнің біліміме сенімдімін әрі табиғатты тазарту арқылы сауап жинаймын деген үмітім де баршылық. Акцияға келгеніме қуаныштымын, өзіммен қатарлас жалынды, жігерлі жастармен таныс болып жатырмын. Осы ретте барлық қала тұрғындарына айтқым келетіні – табиғатымыздың әдемі, көрікті, таза болуы сіз бен бізге байланысты. Қанша уақытымыз тығыз болғанына қарамастан, ізгі әрекеттерге ұмтылайық.

Жанна НАУАШАТ,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1-курс студенті:

Сұлулығымен бізді баурап алды



Біздің оқу орнымызда ашылған «Аққауырсын» ұйымының атынан келіп отырмыз. Күні кеше бізге табиғат аясын қорғау мақсатында ұйымдастырылып жатқан акцияға атсалысыңыздар деген хабарлама келді. Біз қуана келісіп, табиғатты тазартуға өз үлесімізді қосқымыз келді. Мәселен, мен дүниеге келіп, өскен жерімде мұндай табиғат жоқ. Алматының таулары мен өзен, көлдерін, ағаштарын облысымыздың басқа қалаларымен салыстыруға мүлдем келмейді. Өте ерекше хәм сұлулығымен бізді баурап алады. Бүгін біз құрбыларымызмен табиғатты қоқыстардан тазартуға келдік. Сондай-ақ, әдемі суретке түсіп, жақсы демалып қайттық. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін, бізді түскі аспен қамтамасыз етті, шөлдегенімізде сусындар да таратып жатыр. Келесі жолы тағы да сенбілік өтетін болса, қуана келеміз.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Ресей Білім академиясының ғалымдары күтпеген қорытынды жасады. Интернет баланың ой-санасын дамытуға өте пайдалы екендігін жеткізді. Зерттеу қорытындылары бойынша, балалар мен жасөспірімдердің ғаламторды ақтаруы зиян емес, керісінше, пайдалы.

Бұл – баланың ойлау жүйесін дамытып, есту мен көру жадысын жақсартады екен. Тіпті, АҚШ, Австралия ғалымдары да интернетті белсенді пайдаланатын балалардың үлгерімі басқаларға қарағанда жоғары болатынын дәлелдеді.

Бұл қаншалықты дұрыс? Бұған қатысты мамандар не дейді?



Серік
ЖУМАБАЕВ



ИНТЕРНЕТТІ КЕРІ ИТЕРМЕЙІК

Балаларды цифрлық жүйеге бейімдеген жөн

Шынында да қазір қарап тұрсаңыз, бәріміз қалайық-қаламайық, интернет біздің өмірімізге сіңіп кетті. Бұдан қашып құтыла алмаймыз. Бүкіл өміріміз телефондағы интернетке байланып қалды. Қай салада болмасын, қажетті ақпараттардың барлығы ғаламторға еніп кеткен. Тіпті, кейінгі кезде алып-сатууды да, түрлі төлемдерді де интернет арқылы жасайтын болдық. Үйде отырып-ақ газ, су, жарық, т.б. коммуналдық шығындардың бәрін интернет арқылы төлейміз. Қажетті құжаттарды да мекемелерге сандалмай, электронды түрде ала салатын болдық. Банкке кезекке тұруды да, ең арысы пойыз, ұшаққа билет алуды да интернет арқылы жасаймыз. Ендеше, неге өзіміз телефондағы интернетсіз ештеңе шеше алмайтын жағдайға жетіп тұрып, балаларымыздың мұны қолдануына қарсы боламыз?

Бұл ретте біз психологтармен тілдесіп көріп едік. Олар интернетті мүлдем жау көруге болмайтынын, қазаққа жасалған қастандық деп қарамау керектігін жеткізіп отыр.

– Қазір қоғам дамудың жаңа жолына түсті. Цифрлық технология, интернет арқылы жұмыс жасау жұмысымызды әлдеқайда жеңілдетті. Қарапайым қағаз басу, газет шығарудың өзі артта қалды. Бүкіл ақпаратты интернеттен түрлі сайттар арқылы көретін болдық. Ендеше, бүкіл әлем интернетке көшіп жатқан кезде неге біз балаларымызды одан алыстатамыз?

Интернеттің ішінде баланың ой-санасын дамытатын қаншама мазмұнды ақпараттар бар. Неге соны көрсетпесек? Егер біз балаларымызға ғаламтормен дұрыс жұмыс істеуді үйретсек, оның зиянынан пайдасы көп. Әрине, егер бала өзіне қажет емес ақпараттарды көріп, теріс бағыттағы, мәселен, жастарды суицидке итермелейтін, порнографиялық сайттар, атыс-шабыстарға кіретін болса, онда оның психикасы бұзылады. Болашақ дамуына кедергі болады.

МАМАН КЕҢЕСІ

Гүлжан АМАНОВА,
балалар дәрігері:

ӘРБІР НӘРСЕНІҢ МӨЛШЕРІ БОЛУЫ ТИІС

Интернет баланың ой-санасын дамытады деп айта алмаймын. Интернеттің өзі балаға қосымша жүк болады. Әрбір нәрсенің өзінің мөлшері болуы тиіс. Интернет дегендер кейінгі жылдары ғана шықты. Оның үстіне, әлі ой-санасы дұрыс қалыптаспаған баланы интернетке отырғызу – қосымша салмақ, денсаулығына қауіпті. Әлі ойын баласы интернетке қызығып, бірінші көзін құртып алады. Миына да, жүйкесіне де, психикасына да кері әсер етеді. Сондықтан ата-ана баласын әрқашан бақылап отыруы қажет. Қандай жағдай болмасын, ата-ана мен бала арасында үнемі байланыс, жақсы қарым-қатынас болуы тиіс. Ұстаздың, ата-ананың, ата-әжесінің айтқанын бала орындауы керек. Солардың өнегесін көріп, өсиетін тыңдағаны өте маңызды. Балаларды интернетке байлап қояға болмайды. Онымен қоса, қазір психикалық аурулар көбейіп келе жатыр. Егер осылай кете берсек, 5–10 жылда әрбір төртінші адам осы ауруға шалдығады. Қазіргі күні дамыған елдерде неврологиялық, психикалық аурулар тым көп. Осының бәрі смартфон, интернеттің кесірі.

Дегенмен, қазір айдаладағы бір ауылда отырып, бүкіл әлемдегі жаңалықтарды қарап, ғылыми-зерттеулерге үңіліп, өзінің білімін шыңдап, жетістікке жетіп жатқан жастарымыз баршылық. Мысалы, мен үйінен шыға алмайтын кемтар баланы білемін. Ол бүгінде интернетті дұрыс пайдаланып, ғаламтор арқылы білімін шыңдап, шетелдік ғалымдардың еңбектерімен танысып, жақында тіпті әлемге атышулы ғалыммен кездесті. Тәп-тәуір пайда тауып отыр. Осыдан кейін интернетті қалай жоққа шығарасыз? Сондықтан мұның мүмкіндігінше оң жағын көрсетуіміз керек. Бір өкініштісі, бізде интернетпен жұмыс жасаудың мәдениеті қалыптаспаған. Сол себептен, біз бұған

шошына қараймыз. Ең бастысы, бұл жерде ата-ана балаға интернетке кіруге рұқсат беріп, бірақ оны үнемі бақылауда ұстап отыруды ұмытпауы керек. Егер балаға интернетті дұрыс пайдалануды үйретсек, одан ұтарымыз көп, – дейді психолог Әбдуәлі Мәмеділ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Берік АСУБАЕВ,
география ғылымының кандидаты:

ИНТЕРНЕТТІ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУ ЖОЛЫН ҚАРАСТЫРУ КЕРЕК

Баланың интернетте отыруынан шошудың қажеті жоқ. Мәселен, сіз бұрынғы ескі «Жизулиді» мінгізіз келе ме? Жоқ. Өйткені, қазір одан да жақсы көліктер шығып кетті. Сол секілді, технология да қарыштап дамып жатыр. Барлығы интернетке еніп кеткен. Сауда-саттықтың өзін интернет арқылы жасайтын болдық. Сондықтан біз қанша айтсақ та, интернеттен қашып құтыла алмаймыз. Бірақ оны дұрыс пайдалану, ол бөлек әңгіме. Балаларға біз бірінші интернетті қалай дұрыс пайдалану керектігін үйретуіміз керек. Онда ақпараттар өте көп. Одан өзіңе қажетті мәліметті алу, ақпаратты таңдап, онымен жұмыс жасауға бейімдеуіміз тиіс. Қазір шыны керек, бәріміз телефонға байланып қалдық. Бірақ солай бола тұра, балаларымыздың телефонға шұқшиғанын қаламаймыз. Енді өзіміз көріп тұрып, балаға «сен олай жасама» деп қалай айтамыз? Қазір интернеттің заманы. Балаларымыз цифрлық жүйеге бейімделіп келеді. Сондықтан бұл тұста тыйым салғаннан гөрі, интернетті дұрыс пайдаланудың жолын қарастыруымыз керек. Басқа жол жоқ. Жаһандану заманында есігімізді тарс жауып отыра алмаймыз. Әлемнен бөлек өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан бұған көңуіміз керек. Ең бастысы, баланың интернетте не көріп, қанша сағат отырғанын ата-ана қадағалауы тиіс. Пайдалы кеңестерді, баланың ойын дамытатын логикалық ойындарды ата-ана балаға таңдап беруі керек. Егер балаға интернетті дұрыс пайдалануды үйретсек, онда бұдан ұтарымыз көп болады.





СЪЕЗДЕН KEЙІНГІ ОЙ

Жуырда елордада «Пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің рөлі» тақырыбына арналған Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының кезекті VII съезіне қатысып, көп ой түйдім. Тарқатып жазуға тырысайын.



ДІНІМІЗ БЕН ДӘСТҮРІМІЗ

дәріптелген жаһандық жиын



Шын мәнінде, адамзат әлемдік пандемиядан кейін өмірдің мәні мен денсаулықтың қадірін түсінді. Мына дүние бір түйір тарының қауызына сыйып кеткендей жағдайды бастан кештік. Адам баласы көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын болмашы вирустың алдында әлсіз, шарасыз екенін түсінді. Бұл жағдай Құдайдың құдіретін терең сезіндіре түсті. Менің ойымша, әр адам Алланың жер бетіне жіберген сынағынан сабақ алды. Түрлі ұлт пен дін өкілдері тілі мен дініне, түрі мен діліне қарамастан жұппалы дертке ұшыраған жандарға тілекші болды, қолынан келгенше көмегін аямады.

«БІЗ – БІРГЕМІЗ, ТІЛЕГІМІЗ – ОРТАҚ»

Бұл жағдай адамзат баласының рухани бірлігін арттыра түсті. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы пандемия кезінде әлемнің дін көшбасшыларына «Біз – біргеміз, тілегіміз – ортақ» деген игі ниетпен Үндеу жолдап, бір мезетте дұға жасауға шақырған болатын. Үндеуге әлемнің бірқатар мұсылман елдері қолдау білдіріп, онлайн-режимде дұға жасау рәсіміне қатысты. Бұл игі бастама мұсылман үмбетінің рухани тұтастығын арттырды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері VII съезінің Декларациясы қабылданды. Декларацияда ұйымдасқан қылмыс, терроризм және есірткі сияқты пандемиядан кейінгі әлемдегі жаһандық сын-қатерлерді шешудің маңыздылығы жазылды. Расында, Ислам діні барша халықты бірлік пен бейбітшілікке үндейді. Ислам деген сөздің өзі «бейбітшілік» деген ұғымды білдіреді. Мұсылмандар бір-бірімен аман-саулық сұрасқанда Алланың амандығы мен есендігін, берекесі мен жақсылығын тілеп, сәлемдеседі.

Ислам адам баласына зәредей зиян тигізбеуге шақыратын дін екені осыған дейін үлкен мінберлерде талай айтылды. Әлемдік

және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі асыл дініміздің баға жетпес құндылықтарын, оның ешқандай лаңкестікпен қатысы жоқ екенін жаһанға тағы да жария түрде айтуға үлкен мүмкіндік туғызды. Шынында, экстремизм, радикализм, терроризм және зорлық-зомбылық пен соғыстардың шынайы дінге ешқандай қатысы жоқ. Дін лидерлері оған түбегейлі қарсылығын білдірді.

Дін көшбасшылары қабылдаған декларацияда қасиетті Тақ пен Әл-Азһар Әл-Шариф арасындағы (БҰҰ БА-ның 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Халықаралық адамзат бауырластығы күні» А/RES/75/200 қарарымен қабылданған) ортақ игілік үшін сенушілер арасында бейбітшілікке, диалогқа, өзара түсіністікке және өзара құрметке шақыратын «Бейбітшілік пен бейбіт қатар өмір сүрудің пайдасына адами бауырластық туралы» құжаттың және «Мекке декларациясының» (2019 жылы мамырда Меккеде қабылданған) маңыздылығы мен құндылығы мойындалды. Бұл тарихи жағдай мұсылман үмбетінің әлем алдындағы абыройы мен беделіне оң ықпал етті деп айтар едік.

Сонымен қатар, съездің жабылу салтанаты қарсаңында қабылданған құжатта дін лидерлері саяси және қоғам қайраткерлерін, журналистер мен блогерлерді діни алауыздықтың сақ болуға және экстремизм мен терроризмді қандай да бір ұлтпен немесе дінмен теңестірмеуге, сондай-ақ дінді саяси мақсаттарда пайдаланбауға шақырды.

Бұл – өте маңызды мәселенің бірі. Өйткені, бүгінде әлемдік қоғамдастық экономикалық дағдарысты, саяси, ұлтаралық, дінаралық шиеленістерді бастан кешуде. Әсіресе, адамзат жаңа ғасырда бұрын-соңды болмаған діни алауыздықтар, дау-жанжалдар, ұлтаралық қақтығыстармен бетпе-бет келді.

Өкінішке қарай, дінді саясиландыру арқылы жастар санасын теріс арнаға бұру үрдісінің куәгері болып отырмыз. Діни ұрандар мен қасиетті ұғымдарды өз саяси мақсаттары үшін қолданып келе жатқан түрлі топтар әлемнің әрбір жерінен көріне бастады. Радикалды топтар тек дәстүрлі діни түсініктерді жоққа шығарумен қатар, ашық түрде лаңкестік әрекеттер жасауда.

Саяси лидерлер, блогерлер мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері де әлемдегі діни көзқарастар қайшылығын ушықтыра түсіп, діни алауыздыққа отқа май құйғандай кері әсер етуде. Сөз бостандығын желеу еткен олар біреу үшін қасиетті болған діни ұстанымдар мен құндылықтарды қорлауға күш салуда. Бұл адамгершілікке жат әрекет екені баршаға белгілі.

«ЖАҚСЫ СӨЙЛЕ НЕМЕСЕ ҮНДЕМЕ»

хадисі әр адамның өмірлік ұстанымына айналуы тиіс

Ислам діни ауыздан шыққан сөзге аса жауапкершілікпен қарауға шақырады. Алла Тағала Құранда былай өмір етеді: «**Уа, иман еткендер! Егер сендерге әлдебір күнәһар адам қандай да бір хабар жеткізсе, оның**

анық-қанығын анықтап біліп алыңдар. Әйтпесе, білместікпен әлдебір қауымның обалына қалып, артынан істеген істеріңе өкініп жүрерсіңдер» («Хужурат» сүресі, 6-аят).

Мұндайда ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «**Жақсы сөйле немесе үндеме**» деген хадисі әр адамның өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Өйткені, бұл қағиданы ұстанған адамның өзгелермен қарым-қатынасы жақсарады. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұнды: «**Қадірісі – тіліне ұят сіңгендер, Жүрек сөзін жүрегімен білгендер. Тура сөзге келгенде тіл тартпағын, Қыңыр сөзді жасыр, текке лақапын**», – деген өлеңі текке айтылмаса керек.

Съезд декларациясында: «Біз отбасы институтын нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударамыз. Біз әйелдердің қадір-қасиеті мен құқығын қорғауға, олардың отбасы мен қоғамның тең құқылы мүшесі ретіндегі әлеуметтік мәртебесін арттыруға, сондай-ақ олардың мәдени және діни салалардағы бейбіт процестерге қатысуын көтермелеуге атсалысамыз», – деп жазылған.

Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің VII съезінің IV секция жұмысы «Әйелдің қоғамның әл-ауқаты мен тұрақты дамуына қосқан үлесі және әйелдің әлеуметтік мәртебесін қолдаудағы діни ұйымдардың рөлі» тақырыбына арналды. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы секция жұмысын жүргізіп, дініміз бен дәстүрімізде қалыптасқан әйел мәртебесіне айрықша тоқталды. Бас мүфти айтқандай, өкінішке қарай, бүгінде әлемде әйелді тауар ретінде көру немесе туарды сату үшін пайдалану, оларға зорлық-зомбылық жасау, үйдің қызметшісі ретінде күшпен ұстау, түсік тастауға мәжбүрлеу немесе бала табу бақытынан айыру сынды мәселелер белең алды.

ДІНИ ДОСТЫҚ АЛАҢЫ

Наурызбай қажы Тағанұлы секция жұмысына қатысқан сарапшылар мен ғалымдардың назарын отбасы мәселесіне, оның ішінде әйел мәртебесіне аударып, өзекті статистикалық мәліметтерді келтірді. «Халықаралық «Отбасы денсаулығы» журналының мәліметінше, әлемде жыл сайын 75 миллионнан астам әйел өз еріктерінен тыс жүкті болып қалады немесе жүкті болған 175 миллион әйелдің 45 миллионы түсік тастайды. Жыл сайын әлем

бойынша 585 мыңнан астам келіншек жүктілікке байланысты түйткілдер кесірінен жан тапсырады. 300 мыңнан астам әйел бала көтермейтін дәрілерді дұрыс қолданбаудың салдарынан ажал құшады. Ал білім алу құқығынан айырылып, сауатсыздық күйі кешіп отырған қыздар саны 600 миллионнан асады. Мұндай жәниошырлық статистика бұл жағдайға халықаралық деңгейде назар аударуымызды талап етеді», – деді Бас мүфти.

Халқымыз: «Әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дейді. Халқымыздың салт-дәстүрінде қыз-келіншекті құрметтеу ғұрпы ерекше мәнге ие. Осы тұрғыдан келгенде, съезд дініміз бен дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық құндылықтарымызды, халқымыздың бай мұрасын әлемге паш етуге үлкен мүмкіндік туғызды деп айтар едім. Біздің бай мәдениетімізбен, қонақжай болмысымызбен танысқан шетелдік делегаттар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері ерекше әсер алды.

Сайып келгенде, съезд діни достық пен өзара түсінікті дамытудың таптырмас алаңы болғаны анық. Мұндай халықаралық деңгейде өткен жиынның елімізде ұйымдастырылуының өзіндік мәні бар. Бұл туралы съездің ашылу салтанатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «**Бұл форумды өткізуге Қазақстанның бастама-шылық етуі бекер емес. Себебі, қазақ жері ғасырлар бойы Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір болып келеді. Осында, яғни Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүрген. Діни ұстамдылық – олардың бәріне ортақ сипат. Съездің өткізілуі – еліміз бен бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Қазақстан саясатының маңызды бағыты. Бұған дейінгі форумдарда қабылданған декларацияларда қандай идеялардың атын жамылғанына қарамастан радикализм, зорлық-зомбылық пен қақтығыстар әрдайым сынға алынды. Қазіргі күрделі жағдайда діни көшбасшылардың бір үстел басына отырып, кез келген қайшылықты еңсеретін ізгі амалдың үлгісін күллі әлемге көрсетуі аса маңызды**», – деп атап өтті.

Қорыта айтқанда, жер бетіне бейбітшілік пен берекелі өмірді орнату – барша адамзаттың ортақ ниеті. Съезге келген барлық дін өкілдері осындай ортақ мақсаттар жолында күш біріктіруге, терроризм мен дінді теңестіруден бас тартуға, бейбітшіліктің құндылығын насихаттауға, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілер мен қоғамдық жиындарда өзара түсіністік пен сыйластықты дәріптеуге, сондай-ақ барлық діннің құлшылық жасау орындары мен киелі жерлерінде арандатушылық пен бүліктерді болдырмауға келісті. Осындай ортақ мәселелер барша дін өкілін рухани тұрғыдан біріктірді және елімізде әр үш жыл сайын өтіп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезін ұйымдастырудың маңызын тағы да дәлелдеді.

Төлеби ОСПАН,
Алматы қаласының бас имамы.



МЕРЕЙ

САН ҚЫРЛЫ ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Бар саналы ғұмырын ғылымға арнаған танымал ғалым, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымының кандидаты, доцент, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті академиясының профессоры, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Қайдар Сейсенбайұлы Алдажұманов туралы бір ауыз сөз.



Тарихшы-ғалым Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында 1942 жылы 10 қазанда дүниеге келген. 1960 жылы Қарағанды қаласындағы №7 қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін еңбек жолын Қарағанды ауданының «Восток» кеңшарында жұмысшы болудан бастайды. Ал 1961–1964 жылдары кеңес әскері қатарында өз борышын өтеп келгеннен кейін, Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, оны 1968 жылы үздік бітіреді. Ұстазы Г.Ф.Дахшлейгердің ұсынысымен және жас мамандарды орналастыру бойынша Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына қызметке қабылданады. Келешегі мол жас ғалым ғылыми бағыты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан және оның майданға қосқан үлесін зерттеуді қолға алды. Алғашқы зерттеулері «Қазақ КСР Ғылым академиясы Хабаршысы» журналының Қоғамдық ғылымдар сериясында «Ұлы Отан соғысының жеңіске жетуіне қазақстандықтардың қосқан үлесі», «Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуацияланған тұрғындар мен өнеркәсіп мекемелерінің Семей облысына орналасуы», Қазақ Кеңестік энциклопедиясында «1941–1945 ж.ж. Қазақстанда әскери бөлімшелердің құрылуы», «Қазақстандық Кеңес одағының батырлары», т.б. мақалалар жарияланып, ғылыми қауымдастықтың жоғары бағасын алып үлгерген еді.

Қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазатын ғалымның өзіндік тағы бір ерекше қыры – ғылыми аудармашылықты еркін меңгеруі. Бірқатар қоғамдық-саяси және тарихи әдебиеттер басылымдарын қазақ және орыс тіліне аударушы және редактор ретінде де танылып келеді. Мысалға, 1985 ж. жарыққа шыққан Ш.Ш.Уәлихановтың

таңдамалы шығармаларының 2-ші басылымына енгізілген жекелеген еңбектерін қазақ тіліне аударды.

Қ.Алдажұманов ғылыми-ұйымдастырушылық қызметтермен қатар ірі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ол Республикалық «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамы басқармасының, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссияның, тарих және мәдениет ескерткіштерін орнату бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде де салмағы мен аманаты мол істердің ортасында жүр.

Ғалымның қайраткерлігі 1991-1992 жылдары Қазақстандағы 30-жылдардағы ұжымдастыру мен аштық себептерін зерттеу бойынша құрылған академик М.Қозыбаев басқарған Мемлекеттік комиссия құрамында қызмет еткен тұста жаңа қырынан ашыла түсті. Комиссия қорытындысы болып табылатын 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңын даярлауда осы саланың білгір маманы ретінде қатысқан Қ.Алдажұмановтың еңбегі өте зор. Қорытындының екі тілде қатар дайындалуына, іріктелген «құпия» құжаттардың мазмұнын сараптауда асқан біліктілігін таныта алды. Комиссия құрамындағы жұмыс барысында жинақталған құжаттар бойынша алғаш рет орыс тілінде жарық көрген «Қазақстандағы 1931–1933 ж.ж. күштеп ұжымдастыру және ашаршылық. Құжаттар мен материалдар жинағының» (Алматы, 1998) алғы сөзінің авторы және негізгі құрастырушысы да Қайдар Алдажұманов болды.

Қазіргі уақытта Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ХХ ғ. Қазақстан тарихы бөлімінің бас ғылыми қызметкері Қ.Алдажұманов ғылыми-педагогикалық жұмыстармен де айналысады. 1987–1994 ж.ж. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде және ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті академиясының профессоры ретінде Қазақстан тарихы курсы бойынша дәріс оқыды.

Қ.Алдажұмановтың ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметте қол жеткізген жетістіктері мемлекет және ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан жоғары бағаланып келеді. Ғылым жолындағы сіңірген еңбегі жоғары бағаланған ғалым «Еңбектегі қызметі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен, сонымен қатар ҚР ҒА Төралқасының, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, Ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Отан қорғаушысына» (2015), «Еңбек ардагері» (2017) медальдарымен, ҚР мерейтойлық медальдарымен, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2002) төсбелгісінің иегері. 2018 жылы институт тарапынан «Құрметті профессор» атағы берілді.

Зирабүбі ТӨЛЕНОВА,
ҚР Орталық мемлекеттік архиві
Әлеуетті зерттеулер орталығының
жетекші ғылыми қызметкері, тарих
ғылымының кандидаты.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Құқықтық сауат – заман талабы

Биыл қала адвокаттары 10 мыңнан астам азаматқа тегін заң көмегін көрсетті

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингі барысында Алматы қаласы Әділет департаментінің өкілдері хабарлады.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы Еркебұлан Жетпісбаев азаматтарға құқықтық түсіндіру жұмыстары мен құқықтық көмек пен кеңес беру олардың ведомствосының маңызды бағыттарының бірі екенін айтты. Мысалы, биыл 9 айда адвокаттар мемлекет кепілдік берген 10 509 азаматқа 129 913 750 теңге сомасында заң көмегін көрсетті.

«Құқықтық мәдениет» және «Рухани жаңғыру» арнайы жобалары аясында Әділет департаменті аудандық Халыққа қызмет көрсету орталықтарында, әлеуметтік үйлерде, Алматы аудан әкімдіктерімен бірлесіп 800 мыңнан астам азаматты қамти отырып, 322 іс-шара өткізді», – деді Е.Жетпісбаев.

Іс-шаралар шеңберінде Әділет департаментінің мамандары, адвокаттар мүлік иелерінің бірлестігін тіркеу, атқарушылық жазба, мұраны ресімдеу, апостиль қою, зияткерлік меншік объектілерін тіркеу және авторлық құқық пен тауар белгісін қорғау, шоттарға тыйым салу және Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша кеңес береді.

Алматы қаласы Әділет департаментінің баспасөз хатшысы Алмас Бекботаев барлық іс-шараларға заң қоғамдастығының (адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары және заң консультанттары), жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының, көші-қон полициясының өкілдері және Алматы қаласы мәслихатының депутаттары қатысатынын айтты.

«Құқық түсіндіру жұмыстары жоғары оқу орындары жанындағы заң клиникаларымен бірлесіп жүргізіледі, студенттер үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша семинарлар өткізіледі, сондай-ақ студенттер алған білімдерін практикада қолдану үшін «Әділет кеңес береді» акциясы шеңберінде азаматтармен кездесуге шақырылады», – деп атап өтті А.Бекботаев.

Қазіргі уақытта Әділет департаменті Көші-қон полициясымен және заң қоғамдастығымен бірлесе отырып Алматы қаласының аудандық ХҚКО-да тұрғын үйді жалға беру нарығындағы алыпсатарлық дүрбелеңге байланысты құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Алматылықтарға консультациялар алу үшін Астана, Алматы қалалары үшін – 199, 58-00-58 нөмірлері бойынша стационарлық телефондардан қоңырау шалуға болатынын хабарлады.

Сондай-ақ, WhatsApp +7 708 693 56 31 нөмірі (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы Құқықтық акпараттық қызмет) жұмыс істейді.

Алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кемелетке толмағандардың; мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарының не азаптауларға ұшыраған құрбандардың өтеусіз негізде адвокат көмегін алуға құқығы бар.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

«СЕМСЕР ЖҮЗІНДЕГІ СЕРТ»

трилогиясының таныстырылымы болып өтті

Ару қала Алматының бөктерінде ақын, прозашы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әділбек Ыбырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» трилогиясының таныстырылымы болып өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында ұйымдастырылды. Үш томдық кітаптың тұсаукесеріне зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері және жас оқырмандар қатысты.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл кітапта қазақ халқының соңғы ханы Кенесарының тағдыры мен ол өмір сүрген тарихи кездің кескіндемесін жасауға ұмтылған. Қалың оқырман хан Кенесары және оның ұлы Сыздық сұлтан образы арқылы ежелден азаттық аңсаған, ұлт тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен қазақ халқының бейнесін көріп, мақсат-мұраттың соншама биік екенін байқайды.

«Роман-эпопеяның бас қаһарманы – халық, Кенесары кейіндегі халық. Көркем туынды Қазақ хандық мемлекетінің Абылай кезеңінен бастап, соңғы ханы – Кенесарының қаза табуымен бірге, оның шаңырағының құлағанына дейінгі және одан кейінгі де дәуірді қамтыған.



Шығармадан Әз Бөгенбай, Таймас, Әбілғазы ақылмандар, Ағыбай, Наурызбай, Иман, Жоламан, Жанқожа, Есет, Тәнеке батырлар, Нысанбай жырау, Байзақ, Батырбек датқалар сынды даналардың, Сыздық сұлтанның халқымыздың дербес ел болып өмір сүруіне, бұқараның басын біріктіруге қаншама еңбек сіңіргенін пайымдайсыз. Бұл еңіреп өткен ерлер елі мен жерін шексіз сүйіп, оның жарқын болашағына қапысыз сеніп, көкейлерін тескен мақсатқа жету үшін табандылықпен қажыр-қайраттарын сарқа жұмсады», – дейді ақын Әділбек Ыбырайымұлы.

Көркем әдебиет қоғамда тарихи сана қалыптастыруда елеулі рөл атқаратыны аян. Төл әдебиетімізде ұлттық тарихи шығарманың жаңа белеске көтерілуі қоғамның рухани жаңғыруына леп беретіні сөзсіз. Бұл кітап Кенесары ажалын көтере отырып, қазақ пен қырғыз арасында араздықты қоздыру мақсатында жазылмаған. Керісінше, екі елдің ортақ трагедиясын көрсетуге арналған. Кітаптың жарыққа шығуына мемлекеттен бөлек, белгілі азаматтар да қамқорлық жасаған. Сөйтіп, үш айда ол екі мәрте басылып шығып, кітапсүйер қауымға ұсынылған.



ЖӨН ЕКЕН!

ФУТБОЛ – ҰЖЫМДЫҚ ОЙЫН

Алматының Алатау ауданына қарасты «Мәдениет» ықшамауданында бірден екі заманауи футбол алаңы ашылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Балалар жылы аясында қолға алынған спорт алаңының ашылу салтанатына Алатау ауданы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Алмат Сайлыбаев, қоғамдық ұйым өкілдері, 100-ге жуық бала мен олардың ата-аналары және жаттықтырушылар қатысты.

Аудан халқының спортқа деген ынтасын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында бой көтерген жаңа жабық футбол алаңын жеке кәсіпкер Бақытжан Оңтайұлы Қадырбеков өз қаржысына салдырыпты. Күндіз балаларға, кешке ересектерге арналған спорт кешенінің ұзындығы 48 метр, ені 28 метр. Ерекшелігі сол, мұндағы екі жабық футбол алаңы да күн суық кезде де үздіксіз жұмыс істейді. Себебі, оның іші жылумен қамтамасыз етілген. Заманауи жарық нүктелері орнатылған алаңда түнде де спортпен шұғылдануға болады.

Жаңа спорт алаңының лента кию рәсімінен кейін сөз алған аудандық Мәдениет және спорт бөлімінің бас маманы Алмат Сайлаубаев жас спортшыларға,

жаттықтырушылар мен барша спортқұмар жандарға арнап сөз сөйледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасына сәйкес елімізде бұқаралық спортты дамытуға барынша көңіл бөлініп жатыр. Спорттық инфрақұрылымның балаларға қолжетімділігін қамтамасыз етуде Алматыда да атқарылған шаралар көп. Қаламызда, оның ішінде Алатау ауданында жаңадан бой көтерген осынау екі бірдей жабық футбол алаңдары – соның бір көрінісі. Алаң болашақта талай спортшыларды шыңдап, мықты-мықты аяқдоп шеберлерін баптайды деп үміттенеміз, – деді ол.

– Жастарды салауатты өмір салтына баулитын спорт алаңдарының бірі болса екен деймін. Өйткені, спортпен айналысып, өзін сергек ұстайтын ұрпақтың келешегінен мол үміт күтуге болады. Әйтпесе, қазір жастар ғана емес, үлкендердің өзі ала-

қандай құрылғыға тәуелді болып барады. Қазір күн озған сайын мұнда келушілердің саны артып келеді. Біз оған қуанамыз. Футбол, ол – ұжымдық ойын. Мұнда балалар ойынның тактикасын, ережесін біліп қана қоймай, бір-бірімен араласып, өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік алады. Жүгіріп, секіреді, шыңдалады. Футбол алаңдары барлық стандарттарға сай бой көтерген. Жоғары сапалы көгалдар төселген. Барша қала тұрғындарын спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын, – дейді Бақытжан Оңтайұлы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталмыш футбол алаңдарын көршілес ауылдардағы балалар да көп күтіпті. Өйткені, бұл инфрақұрылымы енді дамып, үйлердің көбі жаңа бай көтеріп жатқан аймақ. Енді міне, жасөспірімдер мен жергілікті қала тұрғындары үшін спортпен айналысып, шеберлігін шыңдауға мүмкіндік бар.

Айта кетейік, футбол алаңында көпбалалы аналар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына жеңілдіктер қарастырылған. Қазір мұнда жергілікті командаларға арнайы сабақтар өтуде.

Мәдени іс шараның соңында 6 команда қатысқан шағын футболдан турнир өтті. «Ауыл & қала» балаларынан құралған командалардың ешқайсысы елеусіз қалмады. Жаңа футбол алаңдарын салған компания турнирдің ұйымдастырушысы және демеушісі ретінде жеңімпаздар мен қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен грамоталар табыстады.

Ал аудан тұрғындарының алғысына бөленген азаматқа біз де ел үшін атқарып жатқан еңбегіңіз жемісті болсын деп тілек айттық.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТЕННИС

ДУБІРЛІ ДОДАНЫҢ ДАРАБОЗЫ

Елордамызда өткен әлемдік жарыс өз мәресіне жетті.

Теннис әлемінің жарық жұлдыздарын жинаған Astana Open ATP 500 турнирі аяқталды. Әлемнің 7-ракеткасы, сербиялық Новак Джокович жекелей жарыста турнирдің чемпионы атанды. Бұл – аты аңызға айналған спортшының мансабындағы 90-шы мерейтойлық ірі жеңіс. «Үлкен дулыға» жарысының 21 дүркін жеңімпазы Джокович финалда әлемнің 6-ракеткасы, грекиялық Стефанос Циципаспен кездесті. Сербиялық спортшы 6:3, 6:4 есебімен ұтып, өзінің үздік теннисші екендігін тағы бір дәлелдеді.



Ал Астанадағы жұптық турнирдің финалында хорват Никола Мектич пен Мате Павич француз спортшылары Адриан Маннарино мен Фабрис Мартинді 6:4, 6:2 есебімен жеңіп, жұптық жарыстың жеңімпазы атанды. Осылайша биыл елордада алғаш рет ATP 500

деңгейінде өткен айтулы дода мәреге жетті.

Еліміз үшін теннис әлеміндегі жақсы жаңалықтар мұнымен аяқталған жоқ. Әлемнің 209-ракеткасы, қазақстандық теннисші Тимофей Скатов Парма-2 (Италия) челленджер турнирінің чемпионы атанды. Қазақстандық теннисші финалда дүниежүзілік рейтингіде 156-орында тұрған словакиялық Йозеф Коваликпен бас жүлдені сарапқа салды.

Ойын нәтижесінде Скатов 7:5, 6:7 (2:7), 6:4 есебімен жеңіске жетті. Аса тартысты өткен бәсеке 3 сағаттан астам уақытқа созылды. Тимофей өзінің теннистік мансабында жекелей сында алғашқы Челленджер санатындағы чемпиондық атағына қол жеткізді.

ЖАҢАЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ



ӨТКЕН АПТАНЫҢ ОЛЖАЛАРЫ

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы әлем біріншілігі өтіп жатыр. Жарыстың алғашқы күні біздің спортшыларымыз қос қоланы қоржынға салды.

Қоржында – қос қола

Әлем чемпионатына жиылған үздік спортшылары жарыстың алғашқы күні екі салмақ бойынша бәсекеге түсті. Құлаштап жайылған кілемде қазақстандық дзюдошылар арасынан Елдос Сметов, Мағжан Шамшадин және Әбиба Әбужақынова бірінші болып бақ сынады.

48 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Әбиба Әбужақынова құрама қоржынына алғашқы жүлдені әкелді. Жауынгер ару бірінші айналымда бразилиялық Аманда Лимамен кездесіп, қосымша уақытта қарсыласының жауырынын жерге тигізеді. Әбиба одан кейінгі жекпе-жегінде франциялық Ширин Буклиді жеңсе, ширек финалда сербиялық Милица Николичтен айласын асырады. Алайда, отандасымыз жартылай финалда жарыс фавориттерінің бірі жапониялық Нацуми Цунодеге жол береді. Жарыс жүлдесі үшін шешуші кездесуде қазақ ару мүмкіндігін екінші рет мүлті жібермеді. Ол Чили өкілі Мари Ди Варгас Лейді жеңіп, әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Жарыстың бірінші күні Елдос Сметов пен Мағжан Шамшадин 60 келі салмақ дәрежесінде сынға түсті. Елдос алғашқы айналымда әзербайжандық қарсыласы Карамат Хусейновті жеңді. Одан кейінгі кездесуінде қазақстандық балуан израильдік Матан Ковлаевтен басым түсті. Ширек финалда тайпейлік Ян Юн Вэймен кездескен отандасымыз жеңіске жете алған жоқ. Дегенмен, Елдос үшін жарыс жолы мұнымен аяқталмады, ол жұбаныш жекпе-жегінде испандық Франциско Гарригосты ұтса, қола жүлде сарапқа салынған кездесуде Өзбекстаннан келген Дилшодбек Баратовтан мықты болды. Осылайша дзюдодан Әлем чемпионатында біздің құрама әзірге екі қола медаль қанжығалады.

Күштілер күресі

Ауыр атлетикадан Қазақстан командасы Бахрейнде басталған Азия чемпионатында алғашқы жеңістеріне жетті.

55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынаған қазақстандық зилтемірші Арли Чонтей күміс жүлдеге ие болды. Қоссайыс қорытындысы бойынша ол 260 (116+144) килограмм көтерді.

Ел қоржынына жүлде әкелген тағы бір спортшы Зульфия Чиншанло болды. Ол 55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде алтын медаль



жеңіп алды. Қоссайыс қорытындысында спортшымыз 220 (95+125) килограмм зилтемірді бастан асырды.

Қанаттың қайраты көрінді

Қазақ боксшысы Қанат Ислам қарсыласы аргентиналық Хавьер Франсиско Масельды айқын басымдылықпен жеңді. АҚШ-тың Флорида штатындағы Платт-Ситиде өткен бокс кешінде 38 жастағы отандасымыз аргентиналық қарсыласын жеңіп, кәсіпқой рингтегі 28-жеңісін тіркеді.

8 раундық жекпе-жектің екінші раундынан бастап Қанат Исламның басымдығы айқын сезіліп тұрды. Аргентиналық боксшы үнемі қорғанысты ойлап, қазақ боксшысынан жасқаншатап жүргендей көрінгенімен, Қанат Исламның шаршы алаңдағы белсенді қимылдары соншалық қауіп төндіре қоймады. Кездесудің ақтық раунды да Қанат Исламның басымдығымен басталды. Раунд аяқталар тұста қазақ боксшысының бүйірді көздеген ауыр соккысынан кейін рингтегі төреші нокаунд тіркеді. Осылайша төрешілер қазақ боксшысының ұпай санымен жеңісін жариялады.

Айта кетейік, бұған дейін Қанат Ислам 28 жекпе-жек өткізіп, оның 27-сінде жеңіске жетіп, біреуінде ғана жеңілген.



Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№120 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Зерделі шағынауданы, 35, 2015 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 120 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№148 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Зерделі шағынауданы, 121 үй, 2015 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 385 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «№30 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Панфилов к-сі, 49/1, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 285 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№16 бөбекжай-балабақша» МКҚК мөнгерушісі. Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 587 2000 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 195 бала, оқыту тілі орыс тілінде.

5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№20 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 102/68 үй, 2000 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, аралас оқыту тілі.

6. Алматы қаласы Білім басқармасының «№133 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Брусиловский көшесі, 15/1, 2000 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, оқыту тілі орыс тілінде.

7. Алматы қаласы Білім басқармасының «№182 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Тұрғыт Озал көшесі, 30 үй, 2014 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, аралас оқыту тілі.

8. Алматы қаласы Білім басқармасының «№44 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Регвой көшесі, 45, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

9. Алматы қаласы Білім басқармасының «№58 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Тауғұл-1 ықшамауданы, 39 үй, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 340 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

10. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 34 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауд., Ақсай-5 ы/а, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 345 бала, оқыту тілі аралас.

11. Алматы қаласы Білім басқармасының «Түзеу үлгісінде сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған №66 бала бақшасы» ММ мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауд., Ақай-3А ы/а, 71 үй, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 196 бала, оқыту тілі аралас.

12. Алматы қаласы Білім басқармасының «№67 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі 14, 1998 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 140 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

13. Алматы қаласы Білім басқармасының «№97 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Айнабұлақ-1 шағынауданы, 22Г, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

14. Алматы қаласы Білім басқармасының «№98 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Айнабұлақ-2 шағынауданы, 63, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 320 бала, оқыту тілі орыс тілінде.

15. Алматы қаласы Білім басқармасының «№176 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Құлагер шағынауданы, 52А, 2012 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

16. Алматы қаласы Білім басқармасының «№114 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Самал-2 шағынауданы, 83, 2009 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 190 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

17. Алматы қаласы Білім басқармасының «№122 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Успенский көшесі, 83, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 100 бала, оқыту тілі орыс тілінде.

18. Алматы қаласы Білім басқармасының «№127 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Дулатов көшесі, 33-үй, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 100 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

19. Алматы қаласы Білім басқармасының «№131 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Марийская көшесі, 2-үй, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 120 бала, аралас оқыту тілі.

20. Алматы қаласы Білім басқармасының «№59 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауд., Нұршашқан ы-а., Ақмандай көш., 6-үй, 2010 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 75 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

21. Алматы қаласы Білім басқармасының «№41 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауд., Мәуленов көш., 58-үй, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 95 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

22. Алматы қаласы Білім басқармасының «№178 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауд., №12 шағынауданы, 11/1 үй, 2012 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 245 бала, оқыту тілі аралас.

23. Алматы қаласы Білім басқармасының «№163 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауд., Казаков к-сі, 13А үй, 2010 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 345 бала, оқыту тілі аралас.

24. Алматы қаласы Білім басқармасының «№81 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мөнгерушісі.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауд., Орбита-2 ы/а, 20 үй, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 150 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru

Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МКҚК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасы «№6 Оқушылар үйі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 13/1.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы «№3 С.Прокофьева атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Қарасай батыр көш., 140.

3. Алматы қаласы Білім басқармасы «№5 М.Төлебаев атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 54А.

4. Алматы қаласы Білім басқармасы «№7 Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, 5-ші ықшамауданы, 59.

5. Алматы қаласы Білім басқармасы «№9 Е.Брусиловский атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Приозерная көш., 1 А.

6. Алматы қаласы Білім басқармасы «№10 балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Клочкова көш. 49.

7. Алматы қаласы Білім басқармасы «№3 Оқушылар үйі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Вахтангов көшесі, 2-2А.

Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru

Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекстің 96-бабы, 1,2-тармағының негізінде 2022 жылғы 20 қазанынан бастап esportal.kz сайтында «Баум Тоғайы» табиғат ескерткіші аумағында Баум Тоғайын дамыту және сақтау жобасы және Ормандағы санитарлық қағидалар негізінде 2022 жылы «Баум Тоғайы» аумағында санитарлық кесілетін ағаштарға байланысты қоғамдық талқылау басталады.

Байланыс телефоны: 8 (727) 292-02-38.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (интернат) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Есту қабілеті нашар балаларға (естімейтін балаларға) арналған №1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 1 үй.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Мамандандырылған «Жанұя» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Бегалин көшесі, 82 үй.

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған №6 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Шухов көшесі, 84 үй.

Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97.

Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru

Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (ПМПК және ППТК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алатау ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Федченко көшесі, 2Б үй.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алмалы ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Тұрғыт Озал көшесі, 30 үй.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Өуезов ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, 11 ы.а, 36 үй.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының «Бостандық ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 1 үй.

5. Алматы қаласы Білім басқармасының «Жетісу ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Ратушный көшесі, 131 үй.

6. Алматы қаласы Білім басқармасының «Медеу ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Төлебаев көшесі, 25/18 үй.

7. Алматы қаласы Білім басқармасының «Наурызбай ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Наурызбай ауданы, Ақжар ы.а.,Байсултанов көшесі, 15/7 үй.

8. Алматы қаласы Білім басқармасының «Түркісіб ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Физули көшесі, 71 үй.

Қызмет түрі: Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алатау ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Федченко көшесі, 2Б үй.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алмалы ауданының №1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Жароков көшесі, 18 үй.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Өуезов ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, 8 ы.а., 46 үй.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының «Бостандық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Шмелева көшесі, 88 үй.

5. Алматы қаласы Білім басқармасының «Жетісу ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Ратушный көшесі, 131 үй.

6. Алматы қаласы Білім басқармасының «Медеу ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Жангелдин көшесі, 27 үй.

7. Алматы қаласы Білім басқармасының «Наурызбай ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Наурызбай ауданы, Шұғыла ы.а, 339 үй.

8. Алматы қаласы Білім басқармасының «Түркісіб ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Физули көшесі, 71 үй.

Қызмет түрі: Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға кешенді педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетеді, оларды түзете-дамыта оқытуды ұйымдастырады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru

Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Дөненстаев көшесі, 32/1 үй.

Қызмет түрі: Қарт азаматтар мен мүгедектердің тұруын қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтер көрсету

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Жастар үйі» әлеуметтік мекемелердің түлектерін бейім-деу және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Жетісу-2 ы.а., 79 үй.

Қызмет түрі: Тұруды қамтамасыз ете отырып, басқа да әлеуметтік қызметтерді ұсыну.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97.

Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru.

Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№5 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 9 ықшамауданы, 16 үй, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№86 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы,



МЕРЕЙ

ЖҰЛДЫЗЫ ОНЫҢ ЖОҒАРЫ

«Almaty aqshamy» газетінің Бас редакторы, Қазақстан журналистикасының қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жастар одағы және Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының, Ә.Байжанбаев атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Гуманитарлық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі Төрехан Данияров асқаралы 60 жастың төріне шықты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Кейіпкерімізді мерейлі жасымен «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің басын қосып отырған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің берекелі ұжымы құттықтады. Сондай-ақ, Төрехан Рысбекұлын құттықтауға медиахолдинг шаңырағына журналистика корифейлері – Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, Қазақстан Журналистика академиясының вице-президенті, «Невада–Семей» қозғалысының вице-президенті Валерий Жандәулетов пен атақты коллекционер Азат Әкімбек келді.

– Сіздің көпжылдық еңбегіңіз бен шығармашылық ұжымдарда жасаған басшылық қызметтеріңіз өзінің лайықты жемісін берді. Сіз бүгінде елге танымал тұлға болумен қатар, соңынан қаншама шәкірт тәрбиелеп өсірген үлкен жүректі тәлімгерсіз. Өзіңіз басқарып отырған «Almaty aqshamy» газетінде де сіздің қолтаңбаңыз айқын аңғарылып тұрады. Өзіндік стильге ие болып, жақсы

журналистердің білікті жетекшісі болып жүру сізге қонған бақ деп білеміз. Бүгінгі 60 жасқа толған мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке, мол бақыт тілейміз, – деді «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов. Ал профессор Сағымбай Қозыбаев өз кезегінде ізбасар інісіне тілегін арнап, «Қазақстан Журналистика академиясының академигі» деген атақпен марапаттады.

Төрехан Рысбекұлы Данияров Жер жаннаты – Жетісу өңірінде дүниеге келген. Ол әсем табиғат аясында өсіп, шығармашылық әлеміне деген құштарлығын туған топырағынан сіңірді. Журналист және заңгер деген екі жоғары білімі бар.

Журналистикадағы еңбек жолын «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») және Алматы облыстық «Жетісу» газеттерінен бастаған. Республиканың «Лениншіл жас» (қазіргі

«Жас алаш») газетінде тілші, аға тілші, меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, Бас редактор қызметтерін атқарған. XX ғасырдың 60-жылдарындағы Мәскеудегі алғашқы қазақ жастарының ұйымы – «Жас тұлпар» атты тарихи деректі публицистикалық повесі мен Алматыдағы әйгілі Желтоқсан оқиғасы туралы бірнеше жинаққа енген «Желтоқсан жарасы» атты деректі повесі кезінде тарихшылар мен қаламгерлер арасында жоғары бағасын алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің іссапарларында арнайы ресми делегация құрамында бірнеше шет мемлекеттерде болып, тәуелсіз Қазақстанның әрбір қадамын, қалыптасу кезеңдерін, дүние жүзін мойындатқан жеңісті жолдарын өзінің жолсапар очерктерінде кеңінен насихаттады. Оның шетелдегі отандастарымызды елге оралуға, оралмандар мәртебесіне мән беруге үндеген «Он миллион қазақпыз» атты

патриотикалық шығармасы, жиырмасыншы жылдардағы ашаршылықтың, отызыншы жылдардағы ойранның беймәлім деректерін зерделейтін «Бесеудің хаты» және «Ақтандақ жылдар ақиқатын» ашатын деректі әңгімелері бірқатар жинаққа енген.

1996–2002 жылдары Төрехан Данияров «Қазақстан» телерадиокорпорациясының вице-президенті, Қазақ радиосының Бас директоры қызметтерін атқарды. 1997 жылы желтоқсанның 10-ы күні тәуелсіз Қазақстанның жаңа Елордасында Төрехан Рысбекұлының басшылығымен Қазақ радиосының Астана радиостудиясы жұмысын бастады. Ал келесі жылы, яғни 1998 жылы қаңтар айынан бастап ұтымды ұйымдастырылған кәсіби шеберліктің арқасында Қазақ радиосы тұңғыш рет ФМ жиілігіне шықты, таспалық әдісті тікелей эфир алмастырды. Төрехан Данияровтың ұсынысымен Дирекция жанынан қоғамдық негізде «Ұстаздар алқасы» құрылып,

«Шеберлік мектебі» ашылды. Қазақ радиосы эфиріндегі тың үрдісті, жаңалықтарға толы ізденістерді «Егемен Қазақстан» газеті «Соңғы почтадан» айдарына шығарып, «Қазақ радиосындағы жаңа леп» деп атап көрсетсе, ал «Қазақ ақпарат» агенттігі «Қазақ радиосының қазіргі уақыт талабына жауап беру жолындағы ізденістері туралы» деген айдармен ақпарат таратты.

2002–2010 жылдары Төрехан Данияров «Қазақбездіру» мекемесінің Бас директоры қызметін атқарды. Бұл қызметте де мемлекетіміздің рәміздерін, ұлттық нақыштарын, тіл мәдениетін ұлықтауға, республика Астанасын, Алматыны, басқа да қалаларын безендіруге, көркемдеуге, қала мен ауыл мәдениетін қалыптастыруға үлес қосты.

Қазіргі «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторы қызметінде де Төрехан Данияров талантты журналист ретінде де, шебер ұйымдастырушы, білікті де іскер басшы ретінде де ұжым құрметіне бөленіп жүрген азамат.

Төрехан Рысбекұлының кеңмолынан пішілген тұр-тұлғасына сай жүрегі де үлкен. Бізге ол кісі шаршамайтын еңбекқорлығымен үлгі. Басшымын деп даусының қатты шыққан жері жоқ, «үлкенмін, лауазымым бар» демей, кішінің өзіне асқан ізетті. Жастарды баласындай бауырына тартып сөйлейді. Өзім деген жанның бәріне әрдайым өзегін жұлып беруге дайын қамқор аға, сенімді дос. Осынау өмірінде әрдайым тек ақ сөйлеп, адал күлетіндердің жанынан табылуға ұмтылатын оның асығы үнемі алшысынан түсіп жүретіні де сондықтан болар. Күйкі тірлікті күйттемей, жамандық атаулыға қуатын сарықпай, үлкен-кішінің бәрінің қуанышын, жақсылығын жанымен, үлкен жүрегімен қабылдайтын, сонысымен мәртебелі Төрехан Рысбекұлына жұлдызыңыз әрқашан биік болғай дейміз.

«SUNNY SHOW»

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА ҚЫЗЫҚТАРҒА БАСТАЙДЫ

Қазақ мемлекеттік циркі 8 қазаннан бастап 13 қарашаға дейін «SUNNY SHOW» атты жаңа халықаралық бағдарламасын ұсынады

Ерекше бағдарламаға халықаралық цирк өнерінің бірегей нөмірлері мен танымал жұлдыздары қатысады. ТМД-ның ең үздік эксцентрик клоуны, цирк өнерінің халықаралық фестивальдерінің лауреаты Артём Малков, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Дүниежүзілік каскадерлер академиясының «Таурус» (АҚШ) сыйлығының иегері Жайдарбек Кунгужиновтың жетекшілігімен атты-акробатикалық «Номад» тобы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Құрманғали Досбатыровтың жетекшілігіндегі «Белдіктегі әуе гимнасттары» «Азия жаңғырығы» ХІІІ Халықаралық цирк өнері фестивалінің күміс жүлдегерлері Марина Стародубова мен Даяна Жетпісова өз өнерімен тәнті етпек.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Цветной бульвардағы Ю.Никулин циркі Мәскеу халықаралық жастар цирк өнері фестиваль-байқауының және II Минск цирк өнері фестивалінің қола жүлдегерлері Адлет Тикановтың жетекшілігіндегі жаңа қосмачтасындағы нөмірі, «Азия жаңғырығы» ХІІІ Халықаралық цирк өнері фестивалінің

алтын жүлдегерлері Равиль Сейдгариевтің жетекшілігіндегі «Даршылар» нөмірі, Монте-Карло жеңімпаздары Демидовтар әулетінің ізбасары Таисия Демидова «Эквилибр хулахуптармен», белгілі жаттықтырушы және ұстаз Ольга Демидованың жетекшілігімен, Қазақ мемлекеттік циркінің би-акробатикалық балет тобының, сондай-ақ бағдарламаға сымға үйретілген епті аюлар, бұзық маймыл және көңілді иттердің өнерін тамашалай аласыздар.



Қазақ мемлекеттік циркі мүмкіндігі шектеулі балаларға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және аз қамтылған көпбалалы отбасының балаларына қайырымдылық қойылымын өткізді.

«Алматы циркінің шығармашылық ұжымы өз көрермендерін, алматылықтар

мен қала қонақтарын қуанышпен күтеді. Көрермендерге арнайы керемет акция жариялаймыз. Цирк фойесінде тегін Алматы қаласының көшпелі мұражайлар көрмесі ұсынылады. Ол апта сайын жаңарып отырады», – деді Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 462,84 теңге



USD/KZT 472,04 теңге



RUB/KZT 7,7 теңге



CNY/KZT 66,36 теңге